

МЕКТЕПТЕРГЕ  
ДАЙЫНДЫҚСЫЗ  
«КҮНДЕЛІК» ЖҮЙЕСІН  
ЕНГІЗУ ҚАНШАЛЫҚТЫ  
ДҰРЫС?

4-бет



Абзал ҚҰСПАН:  
ТҮМ БОЛМАСА ҚАЗАҚ  
ТІЛІН ЖЕТІК БІЛЕТІН  
СУДЬЯ ТАБЫЛМАДЫ

7-бет



КАК ЗАРОДИЛИСЬ  
ЛЕГЕНДЫ О ТОМИРИС,  
СЛЕПЫХ РАБАХ И  
ПОЕДАНИИ СТАРИКОВ

13-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№46-47 (864-865), 25 қараша, 2019 жыл

## ШЫМКЕНТТЕГІ ШАЙЫРЛАР ШЕРУІ

**АҚЫНДАР мен АЙТАХАНОВТЫҢ АРАСЫНДА НЕ БАР?!**



### ХАН ҚЫЗЫНДАЙ ХАНБИБИ

*Мүсіндедім, теңедім...  
Қалжырадым, қажыдым!  
Ішімде өлді өлеңім,  
Бар-ды қандай жазығым?!*

*Шашырады, ой кетті,  
Шабыт тақтан құлады!  
Сиқыр сезім сөйлетті,  
Соқыр көзім – жылады!*

*Жуастын ба, затымнан,  
Жұрт дегенін істеді...  
Мен аунадым атымнан,  
Өлең ерден түспеді!*

9  
бет



Бір қаланы поэзия алаңына айналдырып жіберген Шымкенттің әкімі Ерлан Қуанышұлы Айтахановтың айтары мынадай:  
– Шымкент – Қазақстандағы поэзия қаласына айналу керек. Себебі, өлең оқыған адамның ішкі әлемі көркем болады. Ішкі әлемі көркем адам ешқандай қылмысқа да бармайды, ешқандай жамандық та жасамайды. Адамдары жамандыққа бармайтын қала нағыз қайырымды қала болады. Өмірдегі жамандықтармен тек заңмен күресу жеткіліксіз, жамандықты жеңгіңіз келсе руханиятты күшейтуіңіз керек, – дейді Ерлан Қуанышұлы.

8-9  
бет

### ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАФАСЫ Ж.АСАНОВҚА АШЫҚ ХАТ ӘДІЛЕТТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАҒАН СУДЬЯ ҚАЛАЙША СОТҚА ТӨРЕЛІК ЕТІП ОТЫР?

Қ.Мекемтастың орнына келген судья А.Шаяхметова «судья Мекемтасқа қарсылық білдірген кім?» деп сұрады. «Мен» деп орнынан тұрған қорғаушы М.Есқараевқа «неге қарсылық білдіргеніңізді түсіндіріңіз» дегенде, ол: «Мен неге судья Мекемтасқа қарсылық білдіргенімді айтпастан бұрын, сіздің өзіңізге қарсылық білдіремін» деп, жауап беруден бас тартты.

6  
бет



### ТАҢЫС ТА БЕЙТАНЫС ТЕМЕНОВ

...Ал сондай жасыған рухты қайта көтеретін де, асқақтататын да бірден-бір қуатты жалғыз құрал – әдебиет пен өнер. Бұл – әлмисақтан белгілі жәйт. Оны мансұқ ету – қауіпті. Т.Теменов соны меңзейді.

5  
бет

## БЫТЬ ИЛИ НЕ БЫТЬ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ?

Недавно Женис Байхожа на страницах Central Asia Monitor опубликовал очередной шедевр под названием «Казахские зиялы кауым решили возвысить родной язык, «унизив» русский?» Он сразу берет «быка за рога»: «Представители национальной интеллигенции, активно поучаствовав в освоении десятков миллиардов тенге, выделенных государством на продвижение казахского языка и всего, что с ним связано, сегодня вынуждены констатировать отсутствие результата...



11  
бет

# ПРЕЗИДЕНТ БАС БАСЫЛЫМДЫ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінің 100 жылдық мерейтойына орай құттықтау жолдады. Еліміздің бас басылымның мерейтойына орай өткен салтанатты шарада Мемлекет басшысы құттықтауын ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев оқып берді.

«Egemen Qazaqstan» газетінің ұжымын газеттің 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл бір ұжымға ғана емес бүкіл елімізге ортақ қуаныш. «Egemen Qazaqstan» әуел бастан ұлттық мүддені, елдік мұратты және рухани құндылықтарымызды дәріптеп, қазақ баспасөзінің қара шаңырағына айналды. 100 жасаған газеттің егеменді ел болу жолында жасаған жұмысы ұшан-теңіз», — деп атап өтті Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұқтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов сияқты Алаш арыстары басқарған



басылым әрдайым қазақтың рухын биік ұстағандына баса назар аудартады. «Газет ұжымы кеңес заманының өзінде ана тіліміз бен ұлттық санамызды сақтауға, төл мәдениетіміз бен тарихымызды насихаттауға, елдігімізді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. «Egemen Qazaqstan» Тәуелсіздіктің елең-алаңында да Шерхан Мұртаза мен Әбіш Кекілбаевтай біртуар азаматтардың басшылығымен мемлекет іргесін биіктетуге атсалысты. Қазақстанның шежіресі бас

басылымның тарихымен қатар өрбіді. Тәуелсіздік таны атқалы газеттің әр санында Елбасының барлық бастамалары мен шешімдері, мемлекеттік маңызы бар іс-шаралар баяндалды. Осы игі үрдіс жаңғырудың жаңа кезеңінде жалғасын тауып, егемендіктер Тәуелсіздігіміздің баянды болуы жолында жемісті қызмет ете береді деп сенемін. Ғұмыры ғасырмен өлшенетін газеттің торқалы тойы құтты болсын!», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛСЫН

Мигранттардың орнын жұмыссыз жүрген отандастарымыз басуы тиіс. Елімізге келетін шетелдік жұмысшылардың санын екі есеге дейін азайтып, Үкімет келесі жылдан бастап жалдамалы еңбек мигранттарына берілетін квота көлемін қысқартуды көздеп отыр.



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қазір еліміздегі 2400-ге тарта кәсіпорында 21 мыңнан астам шетелдік азамат жұмыс істейді. Олардың мың шақтысы — топ-менеджерлер. Ал қалғаны ортаң қол басшылар мен қарапайым жұмысшылар.

Соған қарамастан, сырттан шақыртылған мамандар жергілікті жұмысшыларға қарағанда әлдеқайда көп жалақы алады. Министрлік жыл сайын шетелдік жұмысшыларға берілетін квотаны азайтып, кейін тіпті қарапайым жұмысшыларды мүлдем келтірмеуді көздеп отыр.

Халық тарапынан айтылып келе жатқан бұл мәселені осыдан кем дегенде 20 жыл бұрын қолға алу керек еді. Бірақ оған құлақ түрген билік болмады. Жыл сайын мемлекеттен мамандыққа үйрету үшін қомақты қаржы бөлінеді, соны мақсатты жұмсау атымен жоқ. Сондықтан, өз адамдарымыз жұмыссыз қалып отыр. Шетелдік басқаруындағы кәсіпорын басшыларын тек қана отандық жұмысшыларды алуға міндеттейтін заң бекітіп және оны қатаң бақылауға алу қажет. Бар болғаны осы ғана, әлде осы үшін де арнайы ордалы жиналыс өткізіп, айқайы көп мемлекеттік бағдарлама қабылдау керек пе?

## КӨКТАЙҒАҚҚА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ҚОЛДАНЫЛМАҚ

Биыл Қазақстандағы автожолдарда көктайғақты болдырмаудың жаңа тәсілдері енгізілмекші. Бұл туралы «QazAvtoJol» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ұлан Әліповтың мәлімдемесі миллиондаған жүргізушілерді елең еткізді.

«Соңғы күндері жаңбырдан кейін қардың түсуі, содан кейін оның қатуы салдарынан жолды көктайғақтан жылдам тазарту қиынға түсіп жатыр. Қазіргі кезде жолдардағы қоғалыс қамтамасыз етілді», — деді Ұ. Әліпов Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында. Осы орайда, ол биыл компания көктайғақтан тазартудың жаңа технологиясын енгізуді жоспарлап отырғанын жеткізді. «Қазіргі кезде тексеруден өткен барлық технологияны іске асырып келеміз, енді көктайғақты болдырмаудың жаңа технологиясын енгіземіз», — деді Ұлан Әліпов. Сонымен қатар, ол автожолдардағы мәселелер бойынша ел тұрғындары тәулік бойы шұғыл байланыс желісіне хабарласа алатынын айтты. «1403 нөміріне телефон шалуға болады, яғни, тәуліктің кез келген уақытында ақысыз түрде хабарласа аласыздар», — деді Ұлан Әліпов. Телефон өздеріңіз білетіндей, байланыс саласына жатады. Ал, Әліпов мырза көктайғақ болдырмаудың жанадан ойлап табылған қандай технологиясы іске асатынын ашып айтады. Соған қарағанда, бұл жанадық шетелдіктер біліп қоймас үшін өте құпия сақталатын сияқты.

## АНТЕННА АЗАБЫ

Шымкент тұрғындары ұялы байланыс антенналарынан ауру болып жатырымы деп шығарды. «Асар-2» шағын ауданына ұялы байланыс антеннасын қойған соң, сол маңда тұратын жұрттың басы ауырып, қан қысымы жиі көтерілетін болыпты.

Мазасы кеткен тұрғындар санитар мамандарды шақырыпты. Олармен бірге әкімдік пен антенна тиесілі компания өкілі келген. Тексеруді бастағанда арнайы тексеру аппараты шықылдап белгі берген. Соған қарамастан СЭС мамандары ешқандай зиян жоқ деп бетбастырмауда. Геомагнитті толқындардың әсерін 20 жылдан бері зерттеп жүрген ғылыми институттың директоры Мүсәгіл Тоханов антенна мен электр бағаналарының түбіндегі тұрғындар, ары кетсе, 8 жылда айықпас дертке шалдығады деп отыр. Оның айтуынша, адам депрессиялық күйге түсіп, мидың катерлі ісігі пайда болуы мүмкін. Одан кейін инсульт, инфарктың да туу қаупі бар. Азаматтардың еркектік қауқары әлсірейді, әйелге де өте зиян екен.

Айта кетсек, мұндай арыздар еліміздің өзге де қалаларында тұрақты айтылып жатқанына көптеген жылдар болды. Бірақ оған қалталы кәсіпкерлер пысықырып та қараған жоқ. Бұл мәселеге халықтың қамын қарастыруға тиісті біздің Парламенттегі қадірменді депутаттар не дейді екен?..

## ОРЫНБАСАРЛАР НЕГЕ «ОТЫРСА ОПАҚ, ТҰРСА СОПАҚ» БОЛУЫ КЕРЕК?

Елімізде жұрт күнделікті тұтынатын тауарлар бағасының негізсіз қымбаттап жатқаны жайында Үкіметте ашық әңгіме болды. Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов бұған жергілікті басшыларды, онда да әкімдерді емес, орынбасарларын кінәлады.

«2018-жылдың мамыр айында әкімдіктерге әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын реттеу бойынша функциялар берілген. Алайда, іс жүзінде оны әкімдіктер пайдаланбай отыр. Құрметті, Аскар Ұзақбайұлы, мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, атылған өңірлерде әкімдердің орынбасарларын жауапкершілікке тартуды ұсынамын», — деп салды әкімдерге тісі батпаған министр.

Оның айтуынша, бағаның шарықтауына экспорт көлемінің өсуі, делдалдардың көптігі және сауда қоймаларының жоқтығы себеп болған. Мәселен, жыл басынан бері ұн, күріш, қарақұмық, күнбағыс майы мен көкөністің құны бірден 15 пайызға өскен. Өз кезегінде

«Премьер-министрдің кеңсесі үш күннің ішінде азық-түлік тауарларының баға өсімінің алдын алу мәселесіне жауап беретін Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика, Сауда және интеграция вице-министрлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы менің атылған ұсыныс енгізімін. Қымбатшылыққа жол берген облыстардың әкім орынбасарлары да тиісті жауапкершілікке тартылады», — деді қаһарына мінген бас уәзір. Тағы да әдеттегідей отырса опак, тұрса сопақ боп жүрген орынбасарлар кінәлі болып шықты. Сонда министрлер мен әкімдер ай қарап жүр ме, олар неге жауапқа тартылмайды? «Бұдан былай бәріне бірінші басшы жауап береді» деген мемлекет басшысының сөзі қайда қалды?..

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АУЫЛҒА АТТАНАДЫ

Мәжіліс депутаттары «Дипломмен ауылға» бағдарламасына мұғалімдер мен дәрігерлер ғана емес, мемлекеттік қызметкерлер де қосылысын деп отыр. Олардың айтуынша, ауылда мемлекеттік қызметкерлер қалмайтын түрі бар.

Мәжіліс депутаты Уалихан Қайназаровтың пайымдауынша, елазаматтарының 43 пайызы ауылда тұрады. Сол ауылдардың үштен бірі заңгерлерге, төрт пайызы есепшілерге мұқтаж. Қызметтің сапасы да көңіл көншітпейді. Себебі, айлығы аз болғандықтан, білікті мамандар ауылда тұрақтамайды.

Ауылдардағы штат саны да қаламен салыстырғанда әлдеқайда аз, бірақ жүктемесі анағұрлым ауыр. Машақаты көп, қаржылай қайырымы жоқ жұмысты істеуге жастар құлықсыз. Ал, ҚР Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов мемлекеттік қызметшілер бұл бағдарламаға кірмейді дейді.

Осы мәселенің көтеріліп келе жатқанына қанша жыл болды, бірақ нәтиже жоқ. Ит байласа, тұрғысыз алыстағы ауылдарға министрлер мен депутаттардың өздері барып тұрар ма еді? Жоқ, сондықтан, ауылдарда адам тұратындай жағдай жасау керектігін олар неге түсінбейді?

## МҰНАЙ ҚОРИ ТАБЫЛДЫ

Қазақстанның оңтүстік аймағында боксит кен орнын іздестіру барысында күтпеген жерден жерасты мұнай қорына тап болды. «Қара алтын» Түркістан облысына қарасты Шокпақ аумағында орналасқан Үлкен Қаратау шұңғымасында табылды.

«Іздестіру-түсірілімдік тобы Үлкен Қаратауда орналасқан Леонтьев шұңғымасында боксит пен онымен байланысты қорғасын, цинк және т.б. пайдалы қазбалардың шоғырланған жерін іздестіру жұмыстарымен айналысқан. Осы мақсатта 300 метрдей

тереңдікте жер қазылған. Отыз тоғыз ойылған шұңқырлардың он бірін сұйық-тамшылы қоныр түсті мұнай қоры табылды», — деп хабарлады Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі.

Шокпақта табылған мұнай қазбаларының табылуы алдағы уақытта Шу-Сарысу және Сырдария шұңғымаларында мұнай қорын болжауға үлкен септігін тигізбекші. Бұған дейін Шу-Сарысу шұңғымасында табиғи газ қоры табылған еді. Қазір бұл жерлерден мұнай іздестіру қолға алынатын болады.

## АЛҒАШҚЫ АЯЗ ӘБИГЕРГЕ САЛДЫ

Қылышын сүйретіп қыс та жетті. Елдің шығысы мен орталығында саршұнақ аяз күшіне мінді. Алғашқы суық адамдарды әбігерге салып, екі аяғын бір етікке тыққан сынайлы.

Ескертуді елемей алыс жолға шыққандар айдалада көмекке зәру болып қалды. Үскірік аязда аяқ-қолын үсіткендер де жетерлік. Қаңғыбастар айдасада бармайтын уақытша оналту орталықтарының есігін сығалауға мәжбүр.

Павлодар облысында жолда жанар майы қатып тұралап

қалған автобус жолаушыларына көмекке полицейлер келіп, бүрсендеген 45 адамды олар жақын маңдағы ауылдың мектебіне орналастырыпты. Тағы бір автобус Қарағанды Омбы тас жолында қатып қалды. Салонда дірдектенген 12 жолаушыны құтқарушылар жол бойындағы дәмханаға әкеп жылытты. Күн күрт суытқанда Көкшетаудағы қаңғыбастар оналту орталығына қарай ағылуда. Қазірде 50 орындық орталықта 62 адам орналасқан. Ауа-райының күрт суытуына байланысты, мамандар тұрғындарымызды алыс жолға шықпауға шақырып жатыр.

**Қылмыс атаулыны әлемдегі кез келген елден кездестіруге болады, соның ішінде дамыған мемлекеттерде де. Мәселе соның көлемі мен оған қарсы күрестің пәрменділігінде болса керек. Өзгелерді қайтеміз, қылмыс саны жағынан біз ешкімнен қалыс қалып қойған жоқпыз, оны мойындауымыз керек. Қоғамдағы заң бұзушылықтың саны өссе немесе азаймаста онымен жүргізілген күрестің де нәтижесіз болғаны. Ашығын айтсақ, қылмыспен пәрменді күрес көрсеткіші жағынан бізге мақтануға әлі ертерек сияқты...**

өзгертіп, ұрлық, қарақшылық деген ұғымға ауысып кеткен. Демек, бүгінгі біздің заңдарымыз бойынша біреуде есеңіз кеткен күннің өзінде оның затын тартып алып, малын айдап кету қылмыс. Яғни, барымтаның қарымтасын қайтару күзиреті қазір тек қана құқық қорғау орындарына берілген деп білуіміз қажет. Ол үшін өзара дауларды шешетін арнаулы сот орындары бар. Ал, сот біздің тәжірибемізде кездесетіндей әділетсіз шешім шығарып жатса ол өз алдына жеке әңгіме.

Мал ұрлығы жайындағы әңгімені алда келе жатқан қақаған қыс қарсаңында көтереміз деген

масында», — деді С.Мадиев. Таратылған мәліметтер бойынша, 2015 жылы — 19 535, 2016 жылы — 25 432, 2017 жылы — 20 059, 2018 жылы — 15 400, ал 2019 жылы 10 942 мал басы ұрланған. Жалпы саны жүз мыңға жуықтайды. Бұл тым көп, бірнеше ауданның, тіпті кейбір облыстың қолда бар мал санына жетеабыл. Қабылданған шаралардың арқасында соңғы 5 жылда мал ұрлығы үшін 11 мың қылмыскер ұсталыпты. Қазіргі уақытта 3 387 мал ұрысы полицияның тізімінде тұр. Пайыздық жағынан бұл бағыттағы ұрлық азайғанмен, әлі де қауіпті аймақта тұрғанымызды көрсетеді.

өнімдер. Біз оның арзан бағасына қызығамыз. Демек өзіміздің тұрғындардың денсаулығы бізді тіпті де алаңдатпайды деген сөз. Ал, Қазақстанның өнімдеріне егер сұраныс өте жоғары. Себебі, біздің еттердің сапасы мен құнарлығы өзгелерге қарағанда анағұрлым жақсы. Сондықтан, Ресей, Қытай және Өзбекстан сияқты елдер оны сатып алуға қашан да дайын. Сонда біз өзгелерге құнарлы, сапалы өнімді сатып, өзіміз түк пайдасы жоқ етті тұтынып жатырмыз ғой. Өз таза өнімдерімізді қымбатқа сатып, өзгелердің арзан, сапасыз өнімін пайдаланғаннан не ұтамыз? Ештеңе. Керісінше

алайық. Арызда жергілікті құқық қорғау орындары тұрғындардың талабына немқұрайды қарайтыны айтылған. Жоғалған жылқыларын өздері іздеп тауып алса да, сол малдарды сатып алдық деген 3-4 адам белгілі болса да істі одан әрі зерттемеген. Ұрлыққа куә болғандардан жауап алып, барымташыларды іздестіру жұмыстарын жүргізбегені айтылған. Әрине, жергілікті жердегі шенділерден күдер үзгендер амалының жоғынан Бас прокурорға шағымданады. Енді осы сұраққа бас прокуратурадан қандай жауап берілгенін толықтай келтірейік. «Құрметті блогты пайдаланушы! Сұрағыңызды блогқа орналастыру кезінде Пайдаланушының келісім шарттарын сақтамауыңызға байланысты Сіздің сұрағыңыз шешусіз қалдырылды. Назар аударыңыз: қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша, сондай-ақ тексеру жүргізу, прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану, заң нормаларын түсіндіру туралы өтініштер, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына арнайы әкеліп тапсыру, поштамен жолдау, облыстық халыққа қызмет көрсету орталықтары немесе [www.115.kz](http://www.115.kz) электронды порталы арқылы жолданады. Прокуратура органдарының [www.115.kz](http://www.115.kz) электронды порталына өтініш жіберу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығынан (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу қажет». Бұл жауапқа қарап нені аңғаруға болады. Бізде қағазбастылық әлі де қалмаған. Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады. Әрине, ауыл тұрғындары бүгінгі техника жетістіктерін толық игере қоғам жоқ. Олай болса Бас прокуратура «Бұл істі жігі тексеріңдер!» деп аймақтағыларға тапсырма бере салуына болар еді ғой. Жоқ, міндетті түрде маңызсыз ережелерді талап етіп, жәбірленушіні апталап жүгіртіп қою керек. Біздегі заң орындаушыларының сиқы осындай. Одан кейін қылмыс қайтіп көбеймесін?

Сенаттың жалпы отырысында өткен жылы депутат Владимир Волков ел аумағында ұрлық қылмыстарына тосқауыл қоюдың қосымша шараларын қабылдауы сұрап, Үкімет басышысына сауал қолдатуының білеміз. Бас прокуратураның мәліметінше былтыр 8 айда елімізде 202 мың қылмыс пен қылмыстық әрекеттер тіркеліпті. Оның ішінде тек ұрлықтың өзі 120 мыңға жеткен. «Бұл тіркелген барлық қылмыстардың 60 пайызға жуығын қамтиды. Ауыл тұрғыны үшін жылқысыз, ірі қара малсыз немесе түйесіз қалу қандай қиындықтар тудыратынын жақсы түсінесіздер», — деген В. Волков ұрлықпен күрес бойынша қосымша заңнамалық, ұйымдастырушылық, профилактикалық, түсіндіру және басқа да шараларды қабылдауды талап етті.

Заң жағынан кемістік көріп отырған жоқпыз. Құдайға шүкір, бізде не көп, заң көп. Мәселе соның нақты орындалмауында. Сондықтан ауылдарда тұрмыс таукіметін көріп жатқан тұрғындарымыз «Барымта бар, қарымта қайда?» деп талап етуге құқылы.

2-3-бетті дайындаған  
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# БАРЫМТА БАР, ҚАРЫМТА ҚАЙДА?

Айталық, 2017 жылы Қазақстанда 316,4 мың қылмыс жасалыпты. Егер кейбір мәліметтерге жүгінсек, 2011 жылдан бастап елдегі қылмыстардың еселеп өсе бастағанын аңғаруға болады. Мәселен, 2010 жылы Қазақстанда 100 мыңнан сәл асатын қылмыс жасалса, 2011 жылы ол көрсеткіш 200 мыңға, 2012 жылы 300 мыңға жетіп, 2013-2015 жылдары 300 мыңнан да асып түскен. Ресми орындар «Елімізде соңғы жылдары қылмыс азайды!» деп есеп беріп жатқанмен жағдай түбегейлі түзеліп кетті деп айту қиын. Рас, пайыздық көрсеткіштердің біраз үзелгені байқалады. Әсіресе, түрлі қылмыстардың ішінде ұрлық-қарлық кең етек алған. Сарапшылар мен қоғам қайраткерлері ұрлықтың көбейгенін әлеуметтік-тұрмыстық жағдаймен тікелей байланыстырады. Оған қарсы дау айту да қиын, ешкім анадан ұры болып туылмайды. «Көп жорғалаған жыланның да аяғы көрінеді» демекші, түбінде қылмысы үшін ұсталып, жазаланатынын олар да біледі. Бірақ, тұрмыс таукіметі соған мәжбүрлейтінін көзіміз көріп жүр.

Енді бүгінгі ұсынып отырған тақырыбымызға орай әңгімемізді тарқатып көрейік. Алдымен «Барымта» деген ұғымның басын ашып алайық. Барымта — қазақ халқының тұрмысында ерте заманда қалыптасқан ұғым. Бастапқы кезде адамдар мен рулар арасындағы кек қайтаруды құн төлеумен алмастырған. Егер де кінәлі жақ әр түрлі себептермен белгіленген құн мөлшерін өтей алмаса, немесе бұлтарса ақсақалдар алқасының, билер сотының кесімімен барымта жасауға, яғни, оның өрістегі малын айдап алып кетуге рұқсат етілген. Егер барымта шектеулі мөлшерден артық жасалса, онда жапа шеккен жақ қарымта қайтарған. Екі жақтың дауы біткен кезде барымталанған мал, мүлік түгелдей есепке алынған. Барымта дала қоғамындағы заңдылық пен реттілікті сақтаудың бірден-бір құралы болған. Қазақ елі 18 ғасырдың соңында Ресейдің қол астына қарап, отарлық өкіметтің күшеюіне, дала халқын билеп-төстудің жаңа құқықтық тетіктері енгізілуіне орай, көптеген әдет-ғұрып қағидалары өзінің бастапқы мән-мағынасын жоғалтты. Барымта жасаушылар мал ұрлау мен талан-тараж, шапқыншылық ретінде бағаланып айыпталды. Сөйтіп барымта өзінің бастапқы мағынасын



өзіндік себебі бар. Өйткені мал ұрлау дәп осы кезде қарқын алатынын көпшілік жақсы біледі. Қалалықтар ұмыта бастағанмен ауылдарымызда, әсіресе солтүстік өңірлерде «соғым науқаны» басталатыны белгілі. Бір жылқыны соғымға жағып алып келесі жоға дейін алаңсыз өмір сүруге болады. Қақаған қыста оның қазықартасты, жал-жаясы таптырмайтын тағам, адамның бойына қуат беріп, түрлі тұмау мен суықтардан қорғайды. Сондықтан, оған деген сұраныс көбейетіні түсінікті. Осыны пайдаланған ұрылар малға қасқырша шабады. Екіншіден, бұл кезде жаз бойы қонданған малдың күйі де жоғары, сойып сатса базарда бірден өтіп кетеді.

Біздің елімізде мал ұрлағандарға қолданылатын жаза әлі жеңіл болып отыр. Ал, оның салдары салмақты. Онсыз да әлеуметтік жағынан қорғалмаған ауыл тұрғындары қолында бар, күн көріп отырған санаулы ғана малынан айырылса тақыр кедейге айналып, бала-шағасы аш қалатыны белгілі. Сондықтан қылмыстың бұл түріне заңды әлдеқайда қатайту қажет.

ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаменті Мадиевтің жақындағы мәлімдемесіне қарағанда соңғы бес жылда еліміз бойынша мал ұрлығы 8 мыңнан 3,7 мыңға дейін төмендепті. «Криминогендік жағдайға жасалған талдау көрсеткендей, соңғы бес жылда республика бойынша мал ұрлығының фактісі 8 мыңнан 3,7 мыңға дейін немесе 60 пайызға төмендегені байқалады. Жалпы ұрлық қылмыстары ішінде мал ұрлығының үлесі 3,5 пайыз ша-

Біз негізінен аграрлық ел болып саналамыз, оның ішінде мал шаруашылығы қашанда алдыңғы орында тұрған. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы мал санын өсіріп, жоғары білімі болмаса да оның тұқымын асылдандыра білген. Сондықтан да оларды қазір «Ұлы дала академиктері» деп заңды атап жүрміз. Жасыратыны жоқ, біз қазір тым болмаса сол деңгейге жете алмай жатырмыз. Толассыз жүргізілген «реформалардың» салдарынан елдегі мал басының саны күрт азайды. 1990 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда, 2014 жылы ірі қараның саны 59 пайызға, қой мен ешкі саны 49 пайызға, құс 57 пайызға азайған. Одан бергі бес жылда осы олқылықтарды толтырып тастадық деп те айта алмаймыз. Бір кездері одақ қорына жылына 330 мың тонна ет жіберіп отырған Қазақстанның кешегі әлемдік даңқы бүгінде келмеске кеткенін байқаймыз. Кейінгі кезде Ресейге жылына 60 мың тонна ет сатамыз деген ұран пайда болғаны белгілі. Оның орындалғаны немесе орындалмағаны белгісіз. Тіпті ол біз үшін маңызды емес, керек болса ұрыстар міндетті есіріп алсын, біз оған міндетті өмісіз. Ең бастысы — біз өзіміз жылына кем дегенде 200 мың тонна етті Австралия, Аргентина, Канада сияқты алыс шетелдерден импорттайды екенбіз. Сондағы сатып алатын еттің сапасы сын көтерімейді. Өйткені олар «стратегиялық запастан» алынған. Арнайы мамандардың сараптамасы бойынша 20-30 жыл қатырылып сақталып бар құнарлығын жоғалтқан

адамдарымыздың денсаулығын құртып, оны емдеуге он, жүз есе шығын шығарамыз. Одан да таза өнімдерді өзіміз пайдаланып халықтың денсаулығын сақтап қалмаймыз ба?! Әрі-беріден соң, сол шетелге ет сатып табылған ақшалар жолай ұрланып жатқаны да жасырын емес.

Бас прокуратураның өткен жылдардағы мәліметтеріне қарағанда, елімізде 2015-2017 жылдар аралығында мал ұрлығына қатысты 21802 дерек тіркелген және олардың тек 38,4 пайызы ғана ашылған. Сотқа жіберілген қылмыстық істер — 14 пайыз ғана. Жәбірленушілерге келген зиян көлемі 3,5 миллиард теңгеден асып кеткен. Бұл көрсеткіштің көлеңкесінде қаншама еңбек, қаншама бейнет, қаншама шығын мен күйзеліс жатқаны айтпаса да белгілі. Бір малды бағып өсіру үшін кемінде екі жыл уақыт керек. Соншама еңбек бір күнде еш болады. Бұл бауқеспе ұрылар мен қарақшы, барымташылардың малмен жан баққан шаруаларды әбден басынғанын көрсетеді емес пе, бұған кім кінәлі? Барымтаға қарсы қарымта қолданатын құқық орындары қайда қырып отыр? Штаты жұртылып айрылатын құқық қорғаушылардан келер пайда шамалы болып отырғанын, тіпті олар ұрылармен жең ұшынан жаласқаны туралы тұрғындар жиі айтады. Жергілікті жерден көмек болмаған сон Бас прокурорға дейін арыз айтатындар да жетерлік. Бір ғана мысал ретінде Бас прокурор блогына Қарағанды аймағынан жазған Аюхан Қуанбайұлының № 28054 санымен тіркелген арызын

# БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУГЕ ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛДЫ?

«Ақ жол» партиясының депутаттары ҚР Ұлттық банкінің Төрағасы Е.А.Досаевтың Ұлттық қор мен БЖЗҚ-нан бизнесті несиелендіруге қанша ақша жұмсалып, ал қаншасы Ұлттық банктің ноталарына салынғаны жөнінде айтуын сұрады. Аталмыш депутаттық сауалды Мәжілістің пленарлық отырысында фракция депутаты Ерлан Барлыбаев жолдады.

## ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Е.А.ДОСАЕВҚА

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы!  
Өндіріс және сауда салаларымен бәліктерінің бірі банк жүйесі қорым табылады. Әлемдік дағдарыс жағдайында банк жүйесі ерекше тәуекелге ұшырайды, өйткені экономиканың әртүрлі секторларының өзара әрекеттесуі жүреді және бір салада басталған дағдарыстық құбылыстар басқа салаларға таралады. Бұл мемлекеттің банк жүйесіне ерекше назар аударуын және жаһандық тұрақсыздық кезеңінде оны қолдауға қомақты қаражат бөлуді талап етті.

2008 жылғы 13 қазанда, 2007-2010 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыстың қызған шағында үкіметтің кеңейтілген отырысында Ұлттық қордан 10 миллиард доллар бөлінетіні айтылды. Оның ішінде шамамен 4 миллиард доллар (476 миллиард теңге) төрт ірі банкті (Халық, Казкоммерц, Альянс Банк және БТА) қаржыландыруға бағытталды.

Болашақта бұл қолдау шаралары соңғы уақытқа дейін бірнеше рет қайталанды. Мысалы, 2017 жылы бес ірі банк – Еуразиялық, АТФ, Цеснабанк, Центр-Көлемінде мемлекеттік қолдау алды.

Бұдан бөлек, салықтық жеңілдіктер,

кәсіпкерлерге пайыздық мөлшерлемелер бойынша субсидиялар сипынд қолдаудың басқа да түрлері көрсетілді.

Қоғам мемлекеттік қаражат коммерциялық банктерді байытуға емес, олардың экономиканы қаржыландыру және несиелеу функцияларын қайта жүктеуге бөлінді деп сенді. Мұндағы ең қолайлы индикатор заңды тұлғаларға несиелеу болып табылады, өйткені нақты экономика өндірістік қуаттылық пен жұмысшылар санының белгілі бір параметрлері бар кәсіпорындарға тәуелді.

Тұтынушылық несиелендірудің жалпыға ортақ өсуі салаларды несиелеудің төмендеуімен қатар, шетелдік өндірушілерді қолдау, нарықтың импортқа тәуелділігін арттыруды және ұлттық валютаның әлсіреуін білдіреді.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалардың барлық түрлеріне және банктердің жан-жақты қолдауына қарамастан, соңғы 10-12 жыл ішінде екінші деңгейлі банктердің заңды тұлғаларға несиелеуі ЖІӨ-нің 22% дейін төмендеді.

Салыстыру үшін айтар болсақ, тұрақты экономикалық елдерде бұл көрсеткіш кем дегенде 60% құрайды, ал



Германия, Канада, Сингапур сияқты дамыған елдерде ол 200% жетеді.

Сонымен бірге, кейбір мәліметтерге сәйкес, Ұлттық банктің екінші деңгейлі ноталарын банктердің сатып алу көлемі үнемі өсіп отырады, бұл қол жетімді қаражаттың болуын және сонымен бірге екінші деңгейлі банктердің және Ұлттық банктің экономиканы несиелеуге қызығушылықтарының жоқтығын көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, бұл несиелерді Ұлттық Банк инфляциялық тәуекелдерді азайту үшін екінші деңгейдегі банктерден қолда бар қаражатты максималды түрде алу үшін жасайды.

Бірақ отандық өндірісті несиелеудің жетіспеушілігі импортталатын тауарлардың қымбаттауына әсер етіп, инфляцияға қысым көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы келесі сұрақтарға жауап сұрайды:

1) 2008 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін банк секторын қолдауға түрлі көздерден, оның ішінде Ұлттық қордан

және БЖЗҚ-нан қанша қаражат бөлінді?

2) Сол кездегі екінші деңгейлі банктерге пайыздар, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептемегенде, заңды тұлғалар мен шағын және орта бизнеске берілген несиенің таза мөлшері қанша?

3) Сол жылдары екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын қандай көлемде сатып алды?

4) Сол кездегі екінші деңгейлі банктер осы шараларға (бизнесті несиелендіру мен Ұлттық Банктің ноталарын алу) мемлекеттен бөлінген қаржының қанша пайызын жұмсады?

5) Қазақстанның ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсуіне екінші деңгейдегі банктерге мемлекеттік көмектің әсері қалай бағаланады және банк секторының бюджет кірістерін қалыптастыруға қосқан үлесі қандай?

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары

«АҚ ЖОЛ»:

# МЕКТЕПТЕРГЕ ДАЙЫНДЫҚСЫЗ «КҮНДЕЛІК» ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДҰРЫС?

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ Ғ.Д.НҰРДӘУЛЕТОВКЕ

Құрметті  
Ғизат Дәуренбекұлы!

«Ақ жол» партиясы Сізге 2,8 миллион оқушы мен олардың ата-аналарының және жарты миллионға жуық мұғалімнің қызығушылығын тудырған «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жөнінде сауал жолдап отыр. Жүйенің мектептерде міндеттелуі заң және құқық нормаларына сәйкестігі күмән тудырады.

1. «Күнделік» бағдарламасының сайтында үнемі түрлі тауарлар мен қызметтердің коммерциялық бағыттағы жарнамалары шығып отырады. Осыған байланысты, білім беру ісінде міндетті саналатын қорда коммерциялық жарнаманы жариялауға қаншалықты болатынын тексеруді сұраймыз.

Біздің ойымызша, бұл оқушылардың тұтынушылық психологиясы мен тәртібіне, балалардың қатаймаған санасына теріс ықпал етеді.

БАҚ-да айтылғандай, дінге қатысты немесе түрмелерге тауар жеткізу қызметтері туралы мазмұндағы жарнамалардың балаларды тәрбиелеу мен мәдениетке баулу жүйесінде болуы орынсыз.

2. Ата-аналардың айтуынша, сайт операторы білім беру ісіне қатысты қажетті ақпаратты алу үшін төлем жасауды енгізген. Мәселен, мобильді қосымшаларға, мұғаліммен кері байланыс жасау,

сабақ үлгерімі туралы дерекқорларға өту үшін ақы төлеу керек.

Ал, Ата Заңымызда тұрғындарға мемлекеттік орта білім беру мекемелерінде тегін оқу кепілдендірілген. Осы Заңның аясында мектептерде кез-келген шығындарға ақша жинауға тыйым салынған. Күнделік білім беру ісінде маңызды элемент екені белгілі. Алайда, ол үшін компания қалтасына ақы төленуі түсініксіз.

Осыған орай, «Күнделіктің» кейбір функцияларын пайдалануға ақы төлеу тәжірибесі Қазақстан Республикасының тегін білім беру нормаларына қаншалықты сай екенін тексеруіңізді сұраймыз.

3. Сайттың операторы «Күнделік» ЖШС-нің шетелдік компанияға қатысы бар. Ал, жүйеде Қазақстанның барлық мектептерінде оқыту үрдісі туралы жеке деректер мен толық ақпараттар орталықтандырылған.

Біздің пікірімізше, ақпараттың мұндай шоғырлануы білім беру жүйесінің және шетелдік үлесі бар жеке компаниялардың басқаруына берілмеуі керек.

Бұл жағдайдың жас қазақстандықтардың жеке деректерін қорғау бағыты бойынша заңнамаға қаншалықты сай екенін тексеруіңізді сұраймыз.

4. 2016 жылдың наурыз айында ресейлік «Дневник.ру» ООО қатысуымен бұл жоба асығыс жасалған болатын. Сол кездегі ҚР



Білім және ғылым министрінің түсініксіз себептермен жобаны қолдап, сайттың операторы ретінде «Күнделік ЖШС-і» танылғаны көкейде сауал тудырады.

«Ақ жол» партиясына бірқатар ІТ-өнімдерін әзірлеушілер «Күнделік ЖШС-інің жүйе операторы болуымен келіспейтіндігін айтып, бүгінгі таңдағы мектептерде осындай жүйені сәтті енгізіп жүрген қазақстандық мердігер компанияның конкурсына қатысуға берген сұранымы ескерілмегені Ұлттық экономика министрілігі бекіткен «Мемлекеттік-жеке серіктестік жобаларын жобалау және жүзеге асырудың Ережелерінің» (№725 25 қараша 2015 жыл) бұзылуын сипаттайды.

Осы тақырыпқа байланысты 2018 жылдың 11 сәуірінде жасаған депутаттық сауалымызға жауап ретінде бұрынғы ҚР Білім министрі конкурсына екінші қатысушының «Мемлекеттік-жеке серіктестік жобасының Тұжырымдамасы» жоқтығы Ережені 134 тармағын бұзатындығына сілтеді.

Алайда, Тұжырымдама талап етілмеген. Бір сөзбен айтқанда, министрдің сөзі шындыққа жанаспайды.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2017 жылдың 4 наурызындағы конкурсты қайта өткізу жөніндегі ұсынысы жүзеге аспады.

«Ақ жол» партиясының депутаттары мұндай жобалар нарықтық әрекеттердің орындалуын қадағалауымен әділ бәсекелестік шеңберінен өткізілуі керек деп санайды.

Осыған орай, әділ бәсекелестіктің талаптарының негізінде «Күнделік ЖШС-нің автоматтандырылған ақпараттық жүйеде оператор болуының заңдылығын анықтау үшін:

5. «Бірыңғай электронды күнделік» жобасын жүзеге асырудан «Күнделік» ЖШС-нің Қазақстан Республикасының азаматтарының деректерімен жұмыс істеуі қаншалықты заңға сәйкестігін тексеруге;

6. 100% мемлекетке тиесілі және мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымның ресурстарына шетелдік қатысумен серіктестіктің ІТ-өнімдерін орналастырудың заңдылығын анықтауға;

7. Автоматтандырылған «Күнделік» жүйесін «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қорында жыл сайын жариялауға қанша қаржы жұмсалатынын және қаржының кім тейініміне тауарға;

8. ҚР Білім министрлігінің Еліміздегі мектептердің 31%-ның техникалық тұрғыдан дайын болмағанына қарамастан «Күнделік» жүйесін барлық мектептерде енгізу әрекетіне құқықтық баға беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
«Ақ жол» партиясының  
депутаттары

Тарланбоз талант Талғат Теменов өнер әлемінде өзіндік өрнегімен танылған ерекше тұлға. Алпыс бес жасқа толған ҚР Халық артисі, профессор Талғат Теменовтің шығармашылық апталығы қарашаның 27-30 аралығында Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында өтпекші. Көрермен іс-шара барысында «Аққудың көз жасы» (Ш.Айтматов), «Қызыл орамалды шынарым» (Ш.Айтматов), «Тыраулап ұшқан тырналар» (В.Ежов) атты лирикалық драмаларды тамашалап, У.Шекспирдің «Отелло» трагедиясымен қайта қауышады. Төменде белгілі жазушы, өнертанушы Өтен Ахметтің осынау дарынды інісі туралы бір үзік толғанысы ұсынылып отыр.



# ТАНЫСТА БЕЙТАНЫС

## Теменов

Мен бұл астарлы сөз тіркесін студент кезімде ең алғаш кемеңгер жазушы, ұлағатты ұстазымыз Мұхтар Әуезовтен естіген едім. Біртүрлі тосын көрінген. Ойландырған. Осыны бүгінде белгілі өнер қайраткері Талғат Теменовке қаратып айтсам болады екен.

Әрине, мен оны білемін ғой: кино әртісі, кино мен театр режиссері деп, және бейге алыпты, атақ алыпты деген даңқы мен дақпыртын... Ол түсірген кинолардың біразын көргенмін. Өзі жазып, өзі қойған «Алма бағы» спектаклін тамашалаған. Ұлттық киномыз үшін де, өзі үшін де кесек көркем туынды — «Көшпенділер» фильмі туралы осы уақытқа дейін жұрт аузынан түспей жүрген әңгімелерге де біршама қанықпын. Бірақ бәрібір ол мен үшін (өнер мен саясат адамдары бір мен емес, көпшілік үшін де таныс бейтаныс сияқты) көрне ме деп ойлаймын — Ө.А.) таныстығымыз гөрі бейтаныстығы басым жұмбақ жан, әрине. Өмірде кездейсоқтық деген бар, кездейсоқтық біреуді күтпеген жерде сүріндіріп, опық жегізіп жатса, біреуге жана таным, түсінік ұсынады. Кездейсоқтық па, білмеймін, биылғы театр күніне орай «Хабар» телеарнасы өткізген «Жекпе-жек» хабарында мен сынаушылар жағында болдым да, Т.Теменовке неге В.Ежов шығармасындағы «бұлбұлдарды» «тырналар» деп өзгерткенсіз деп қаттылау пікір айттым. Әлбетте, пьесаны спектакльге айналдырушы режиссердің авторлық өз құқы бар; өзгерген уақыттың ынғайына және көрермен талаптары мен сұранысына қарай түрленуге де, түлетуге де ерікті. Сынауын сынасам да, осы жағын ойлап, артық кеттім бе дегендей көкейімде бір түйінді дық қалғандай еді. Осы күндері Т.Теменовтің «Айғағым болшы, ақ сәуле» деген әдеби еңбегімен таныстым. Өмірбаяндық естеліктері, әріптестері туралы әңгімелері, ой толғамдары, баспасөзге берген сұхбаттары және пьесалары

топтастырылған бес бөлімнен тұратын қалың кітап. «Астана Медиана Пресс» баспасы шығарыпты. Маған, әсіресе, «Өмір суреттері» деген бірінші бөлімі қатты әсер етті. Әр сурет шағын новелла сияқты оқылады. Ортақ желіден ажыратып алған күннің өзінде де тақырыбына сай оқиға қисыны да, айтпақ ойы да бұзылмайды, даралығын сақтайды. Дегенмен «суреттерді» роман — эссе деуге лайық тұтас дүние ме дедім. Өйткені, автор отбасын, балалық шағын, өскен ортасын, өнерді таңдау жолын, шығармашылық ізденістерін зымыраған уақыт ағынымен, қоғамдағы өзгеріс-сілкіністермен тонның ішкі бауындай үйлестіре баяндап, кино мен театрға қатысты кемі бір қырық жылдық тарихтың өзіндік соны беттерін көз алдына бар нақышымен жайып салады. Шығарманың тілі көркем, ойы жарқын да нәрлі, деректері нақ, суреттері айбықты да айқын. Жазында әдебиет, киноға, журналиста құмарта жүріп, жазушы, журналист, философ болсам ба деп ойының сан саққа жүгіруі тегін емес екен. «Сыртқы көрініс — жалғандық», «Өзіңе сену — менмендік емес», «Шынайы өнерді жаны сұлу адамдар жасайды», жиі кездесетін осындай қанатты сөздерімен оқыр-манды өзіне бірден баурайды. «Мені» жок, намысы жоқ адам — мақсатсыз адам. «Мені» бар, намысты адам ғана мақсатына жетеді. Жаңбыр жауған күні үй төбесінен тамшы тамады: тырс-тырс. Бала ойланады: «Неге кішкентай үйде тұрамыз... Өскенде әке-шешеме үлкен үй салып беремін...» Демалысқа келген студент баласы үшін анасы көршіден қарыз ақша сұраған еді. «Сендер-ақ ештеңеге жарымай жүреді екенсіңдер» деген тым ауыр, ащы жауап алып, ана байғұс бүк түсіп жатыр. Мұны көрген студент Талғат «Бұдан кейін әке-шешемді ешкімнен ақша сұрауға мәжбүр етпеймін» деп өзіне-өзі серт береді. Болашақ режиссер оқып жүріп аула сыпырушы боп жұмысқа тұрады. Осыдан кейін автордың «Намыс —

үлкен қозғаушы күш» деген сөзіне, әрине, риясыз сенесің. Әр адамның бойында сөздің кең мағынасында осындай нағыз шынайы махаббатпен қуаттанған «мені» мен «өзімшілдігі» болса ғой деп ойлайсың. Бірақ Теменов «мені» тәкәппар емес екен, кеуделеп, ешкімді иықпен қақпайды екен. Керісінше, өзіне ықыласы түсіп, қол ұшын бергендерді, әріптестерін алдына сала сөйлейді. Олардың өзіне жасаған жақсылығын, ілтипат-ықпалын баса айтады. Жазушы, марқұм О.Бөкеймен алғаш танысқанда қалтасындағы жалғыз бір сомын беріп, оның құрметіне музыка ойнатуында да ғибрат бар.

Автордың өмірдің бетіне сәулелі жақтан қарайтынына мысал көп. 1983 жылы курстық жұмысы «Шаңырақты» түсіру үшін Мәскеуден келеді. Бірақ «Қазақфильм» басшылығы бұған самарқау. Сәуір дейді, мамыр дейді, Маусым мен шілдені де күткізеді. Жаз аяқталса Мәскеуге оқуға кетугі керек. Амалсыздан ұстазы Сергей Соловьевқа хабарласады. Ал ол үн-түнсіз ұшып келіп, мәселені тез шешіп бере қояды. Осы оқиғаға қатысты «мені төрт ай бойы босқа сенделткен еді» деп ренжіп Талғат ешкімді тіліне баспайды. Оның орнына атағы жер жарған ресейлік режиссер Соловьевтің беделін пайдаланып, ВГИК-тен қазақ тобының ашылуына мұрындық болған Олжас Сүлейменовтің іскерлігі мен ұлтжандылығына тоқталып, соның арқасында Абай Қарпықов, Рашид Нұғманов, Ардақ Әмірқұлов, Дәрежан Өмірбаев, Серік Апырытов, Сәбит Құрманжанов, Мұрат Мусын, Ләйла Ақманжанова сұнды жастардың кейін қазақ киносының жаңа толқынын құрағанын сүйсіне баяндайды. Әрине, қырық жылдан астам уақыт өнер ішінде жүрген адамның осы салада елеулі еңбек еткен айтулы тұлғалар жайында білерлігі мол болуы заңды ғой. Сүйсінетіні — Н.Жантөрин, А.Тоқпанов, А.Әшімов, т.б. туралы жазғанда олардың болмысындағы өзі ғана білетін жаңа қырларын

айтумен шектелмейді, әрқайсының өз уақытына сәйкес ортасын да көрсетіп, өнер сабақтастығының тінін үзбей мол-мол мағлұматтар беріп отырады.

Кино өнерінің кереметтері көп. Кейде белгісіз біреулерді аяқ астынан даңқты етіп жібере салады. Талғат та өз киноларын түсіру барысында, мысалы, «Қайдасың, Чапайда?» оқушы бала Айқын Халықовты, «Адамдар арасындағы бөлтірікті» түсіргенде, «Кескінім киноға түсуге келмейтін секілді» деп, есік аузында бақ сынауға кеткен достарын күтіп, шеттеп жүрген Ерболат Оспанқұловты таңдайды және қателеспейді. Олар кейін кино өнерінің тамашалары боп өмірдің өз орындарын тапқан.

Бірақ өтпелі кезеңдерде кешегінің бүгінгінен артық көрінуі таңғаларлық та, құстаналарлық та жағдаят емес. Талғат та толғанады: «Дағдарыс кезінде... қолдарынан қаламдарын тастап, күн көруге келмей... Қысқасы, не керек, бүгінде шығармашылық адамдары күн көру үшін әлдекімдерге тәуелді... Қазақтың режиссерлері мен жазушылары өзінің шығармашылық еркіндігін сезіне алмай қиналады. Мұны түсінетін кім бар? Үкімет оларға шығармашылықпен еркін айналысуға мүмкіндік жасамай, қаламақы мәселесін шешпей, олардан жақсы шығарма күтуге болмайды». Тек, әттен, кино мен театрдың білгірі Талғат Теменовтің осынау қынжыла айтқан жайларын түзетуге келгенде кежегіміз кейін тарта беретіні түсініксіз. Қапысыз шынын ең қоғам үшін қай кезде болмасын ең жағамын — адам рухының жасығаны. Ал сондай жасыған рухты қайта көтеретін де, асқақтататын да бірден-бір қуатты жалғыз құрал — әдебиет пен өнер. Бұл — әлмисақтан белгілі жәйт. Оны мансұқ ету — қауіпті. Т.Теменов соны меңзейді.

Астана қай жағынан алсаң да елге ұлға болуға тиіс қой. Осы орайда Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі қызметіне

## ТАРЛАН Талғат Теменов

Бәйгелерден топ жарып келеді атын, Асуларын асқар бел сен алатын. Кітабыңды қызығып оқыған соң, Гүлназ қойды апамыз немере атын!

Әр сағатың маңызды, өте тығыз  
Әр шығармаң алысқа жететін із!..  
Жансүйер қыз таптық біз Жаркенттен, —  
Бір екен ғой «Махаббат бекетіміз».

Батып жүріп өмірдің азабына,  
Өнеріңе ел қол соғар таза мына...  
Шекспирлік шешімге шектауып,  
Отелломен ой салдың қазағына!..

Әр сапарың әлемге — Жеңістерің,  
Қатып қалса қағида —  
Келіспедің...  
Арқалаумен келесің өнеріңмен!  
Күнәлерін «Күнәсіз періштең».

Махаббат — бұл емес қой бір күн аңыз!..  
Туындына тұнықтық тұнды нағыз!  
Жүрегіміз сезімнен жаралған соң,  
Бегімай мен Әселді жыр қыламыз!

Текті өнер ғой тербеген жүрегіңді,  
Терең бойлай алғандар  
біле білді...  
Талғат десе — тарлан деп ұғады жұрт  
Таңғалдыра бер дәйім ұлы еліңді!

Қазыбек ИСА  
20.11.2019

Т.Теменовтің келуі өнер сүйер қауымды елең еткізгені сөзсіз. Сол сөзбен, мен де жаңа қызметіндегі алғашқы қойлымында ол үлкен бір кесек дүниесімен көрінер деп ойлаған едім. Олай болмады, В.Ежовтың бұрыннан бар байырғы дүниесін сахналады атын өзгертіп. Жеңістің 70 жылдығына деп. Мұндай театр да шет қала алмайды ғой. Түсінеміз. Бардым. Көрдім. Әрине, көзімді тырнап ашқала бұл соғыстың жай-жапсарын мектепте, университетте, адамдар ортасында тындап өскен; әдебиеттен оқып, кинодан көріп өскен маған айтар жаңалығы да, әсері де... Жә, болды, егер залдағы жастардың көзі және санасымен қыраса ше? Жетінші, сегізінші сыныпта оқитын балалар екен. Сөзге тарттым. «Ағай, керемет. Шын сүйген жандарға соғыс та, ұлтының бөлектігі де тосқауыл бола алмайды екен ғой!» Иә, бұлбұл — махаббат символының әуезі. Соғыс біткенде бақта төрт жыл сайрамағым болшы, ақ сәуле деген жаңа кітабын оқып, оның Астана театрында қойған тұңғыш спектаклін көрген адам үшін таныс та бейтаныс өнер қайраткерінің таныс келбеті бұрынғысынан да жылы ұшырап бедерлене түсері хақ.

Өтен АХМЕТ  
2015 жыл

# ӘДІЛЕТТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАҒАН СУДЬЯ ҚАЛАЙША СОТҚА ТӨРЕЛІК ЕТІП ОТЫР?

## ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Ж.АСАНОВҚА АШЫҚ ХАТ

2019 жылғы 7-қарашадағы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы И.Әбішев пен «Қазақ күресі» дүниежүзілік федерациясының вице-президенті С.Түкиевке қатысты Астана қаласында ауданаралық мамандандырылған қылмыстық сотта өтіп жатқан кезекті сот отырысында судья Қ.Мекемтасқа И.Әбішевтің қорғаушысы М.Есқараев қарсылық білдірген болатын. Оның себебін де көрсеткен еді: «Біз сізге бұған дейін де екі рет қарсылық көрсеткен болатымыз. Бірақ, бүгін сіздің 30 қыркүйектен бері біздің барлық өтініш-хаттарымызды қабылдамай келе жатқаныңызбен қоймай, бейтараптықты қамтамасыз етпей отырғаныңызға, сіздің айыптаушы жақтың мүддесіне жұмыс істеп отырғаныңызға анық көзіміз жетті. Сіз куә А.Шәймерденов өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арнайы өтініш бермесе де, жай ауызша ғана айтса да, сіз оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне тапсырдыңыз. Бұл қойды қасқырға бақтырғанмен бірдей ғой! Неге Ішкі істер министрлігі бар, Ұлттық қауіпсіздік комитеті бар, солардың екеуінің біреуіне, бейтарап мекемелерге тапсырмай, істе мүдделі тарапқа тапсырасыз? Онымен де қоймадыңыз, сіз сол А.Шәймерденовтің қауіпсіздігі туралы қабылдаған қаулыңызда оны «қылмысты әрекеттерді әшкерелеуі барысында» деп сипаттап, бүйрегіңіздің қай жаққа бұратынын әзірден көрсетіп қойдыңыз. Сот тергеуі әлі біткен жоқ, соның ішінде А.Шәймерденовтен жауап алу да аяқталған жоқ, ал, сіз жаңағыдай мәлімдеме жасапсыз. Сондықтан, сіз бұл сотқа төрағалық ете алмайсыз».

Қылмыстық-процессуалдық кодекстің «Судьяға қарсылық білдіру» туралы 87-бабына сәйкес біз сізге қарсылық білдіре аламыз ба, білдіре алмаймыз ба? Біз осы бапқа сүйеніп «білдіре аламыз», – дедік, сіз оны мойындамадыңыз. «Қорғаушы судьяға қарсылық білдіре алмайды» деп заңда нақты көрсетілмегеннен кейін, біз олай етуге хақымыз бар деп білеміз. Аталған кодекстің 87-бабын айтпағанның өзінде, оның «Кінәсіздік презумпциясы» туралы 19-бабының 3-бөлімінде былай деп жазылған: «Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс». Ендеше, сіз біздің өзіңізге қарсылық көрсете алатынымызды мойындаңыз, біздің судья Қ.Мекемтасқа берген қарсылығымызды басқа судья қарауын өтінеміз».



Судья сотты жалғастыра бермесе еді, қорғаушы М.Есқараев «мен сіздің үстіңізден ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асановқа арыз жаздым, мен сол арызға жауап келгенше сізге жауап бермеймін, одан да үзіліс жасаңыз», – деп, судья А.Шаяхметова 14-қарашаға дейін үзіліс жариялаған болатын.

Судья А.Шаяхметова 14-қарашада келген бойда «Сіздердің Мекемтасқа қарсылық көрсетуге хақыларыңыз жоқ» деген қаулы шығарды-дағы, Мекемтас мырза осымен үшінші рет өз орнына қайтып келді. Жиналған жұрт не болғанын түсініп үлгері де алмай қалды...

Қорғаушы А.Құспан бұл жайлы былай деді: « – Судьяға қарсылық берілді дейік. Ол сот залынан кетуге мәжбүр. Басқа бір судья келіп, біздің не үшін бергенімізді сұрайды. Сол кезде біз өтінішімізді жазбаша түрде тапсырамыз және не үшін бергенімізді білдіріміз жайлы Шаяхметова ия ауызша, ия жазбаша бізден естіген жоқ, сонда қаулы шығару үшін кімнен естіді? Есқараевтың қандай қарсылық бергенін Мекемтастың өзінен естіп алып, қаулы шығарып келіп тұр! Сөйтіп, екеуінің мүдделес екенін көрсетіп қойды. Мен мынадай деңгейде заң бұзушылықты көріп, не айтарымды білмей, сөз таппай отырмын».

- Құрметті Төраға!
1. Қорғаушылар судья А.Шаяхметоваға қарсылық білдіре ала ма, білдіре алмай ма?
  2. Судья Қ.Мекемтас пен А.Шаяхметованың жоғарыда аталған эпизодтардағы, оның ішінде судья А.Шаяхметованың қорғаушылардың Қ.Мекемтасқа қарсылық білдіруге негізі жоқтығы жөніндегі іс-әрекеттері қаншалықты заңды?
  3. Сіз жақында ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевпен кездесуіңізде «Алматы 2,5 жыл ішінде сот жүйесі білдісіз» деген президенттің судьяларға тапсырылады» деген уәденің жайлы ақпаратты Тенгри.нью сайты жариялады. Судьялар Қ.Мекемтас пен А.Шаяхметова «біліссіз» деп таныла ма? Танылса, олар қанша уақыттан кейін сот жүйесінен кетеді? Жақын арада ма, жоқ жалпы 2,5 жыл ішінде ме?
- Сұрақтарға Сіз заңмен көрсетілген мерзімде, нақты да айқын жауап береді деп үміттенеміз. Алдын-ала алғысымызды білдіреміз.

Құрметпен, **Өмірзақ АҚЖІГІТ**

## ҚР БАС ПРОКУРОРЫ Ғ.НҮРДӘУЛЕТОВКЕ АШЫҚ ХАТ

2019 жылғы 7-қарашадағы ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Су ресурстары комитетінің төрағасы И.Әбішев пен «Қазақ күресі» дүниежүзілік федерациясының вице-президенті С.Түкиевке қатысты Астана қаласында ауданаралық мамандандырылған қылмыстық сотта өтіп жатқан кезекті сот отырысында судья Қ.Мекемтасқа И.Әбішевтің қорғаушысы М.Есқараев қарсылық білдірген болатын. Оның себебін де көрсеткен еді: «Біз сізге бұған дейін де екі рет қарсылық көрсеткен болатымыз. Бірақ, бүгін сіздің 30-қыркүйектен бері біздің барлық өтініш-хаттарымызды қабылдамай келе жатқаныңызбен қоймай, бейтараптықты қамтамасыз етпей отырғаныңызға, сіздің айыптаушы жақтың мүддесіне жұмыс істеп отырғаныңызға анық

қаулыны екі түрлі етіп беріп отырған судьяға біз не үшін сенуіміз керек? Біз оған қалай қарсылық бермей тұра аламыз?!», – деген қорғаушы Есқараевтың пікірін, әріптестерінің оны түгелдей қолдағанын көре тұра А.Шаяхметова сот отырысын ары қарай жалғастырмақшы болды. Осы кезде қоғамдық қорғаушы М.Түкеев сөз сұрады: « – Кешіріңіз, құрметті сот, бірақ, сіз заңды бұзып жатырсыз! Сізге қарсылық білдірген кезде сіз бұл жерден кетуге тиіссіз! Сіздің орныңызға басқа судья келуі, сот отырысын ары қарай сіз жүргізесіз бе, басқа бір судья жүргізе ме, сол шешуі тиіс! Бұл – заң талабы!»

Дәу бітпей, кешкі сағат 8-ге жақындағанда «біз алдымен сіздің өзіңіз жайлы сұрақты шешіп алайық» деген прокурор С.Сүлейменовтің ұсынысынан кейін, судья 9.11.2019 күні таңертеңге дейін үзіліс жарияланды. Ертесіне қорғаушы М.Есқараев: «Кеше осы жерде жарты күн дауластық – ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодекстің «Судьяға қарсылық білдіру» туралы 87-бабына сәйкес біз сізге қарсылық білдіре аламыз ба, білдіре алмаймыз ба? Біз осы бапқа сүйеніп «білдіре аламыз» дедік, сіз оны мойындамадыңыз. «Қорғаушы судьяға қарсылық білдіре алмайды» деп заңда нақты көрсетілмегеннен кейін, біз олай етуге хақымыз бар деп білеміз. Аталған кодекстің 87-бабын айтпағанның өзінде, оның «Кінәсіздік презумпциясы» туралы 19-бабының 3-бөлімінде былай деп жазылған: «Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс». Ендеше, сіз біздің өзіңізге қарсылық көрсете алатынымызды мойындаңыз, біздің судья Қ.Мекемтасқа берген қарсылығымызды басқа судья қарауын өтінеміз».



Судья прокурордың пікірін сұрап еді, ол алдыңғы пікірінен айнып, «қорғаушылардың судьяға қарсылық білдіруі кодексте нақты көзделмеген» деді. Судья сотты жалғастыра бермесе еді, қорғаушы М.Есқараев «мен сіздің үстіңізден ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асановқа арыз жаздым, мен сол арызға жауап келгенше сізге жауап бермеймін, одан да үзіліс жасаңыз» деп, судья А.Шаяхметова 14-қарашаға дейін үзіліс жариялаған болатын.

Судья А.Шаяхметова 14-қарашада келген бойда «сіздердің Мекемтасқа қарсылық көрсетуге хақыларыңыз жоқ» деген қаулы шығарды-дағы, Мекемтас мырза осымен үшінші рет өз орнына қайтып келді. Жиналған жұрт не болғанын түсініп үлгері де алмай қалды...

Қорғаушы А.Құспан бұл жайлы былай деді: « – Судьяға қарсылық берілді дейік. Ол сот залынан кетуге мәжбүр. Басқа бір судья келіп, біздің не үшін бергенімізді сұрайды. Сол кезде біз өтінішімізді жазбаша түрде тапсырамыз және не үшін бергенімізді білдіріміз жайлы Шаяхметова ия ауызша, ия жазбаша бізден естіген жоқ, сонда қаулы шығару үшін кімнен естіді? Есқараевтың қандай қарсылық бергенін Мекемтастың өзінен естіп алып, қаулы шығарып келіп тұр! Сөйтіп, екеуінің мүдделес екенін көрсетіп қойды. Мен мынадай деңгейде заң бұзушылықты көріп, не айтарымды білмей, сөз таппай отырмын».

- Құрметті Төраға!
1. Қорғаушылар судья А.Шаяхметоваға қарсылық білдіре ала ма, білдіре алмай ма?
  2. Судья Қ.Мекемтас пен А.Шаяхметованың жоғарыда аталған эпизодтардағы, оның ішінде судья А.Шаяхметованың қорғаушылардың Қ.Мекемтасқа қарсылық білдіруге негізі жоқтығы жөніндегі іс-әрекеттері қаншалықты заңды?
  3. Сіз жақында ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевпен кездесуіңізде «Алматы 2,5 жыл ішінде сот жүйесі білдісіз» деген президенттің судьяларға тапсырылады» деген уәденің жайлы ақпаратты Тенгри.нью сайты жариялады. Судьялар Қ.Мекемтас пен А.Шаяхметова «біліссіз» деп таныла ма? Танылса, олар қанша уақыттан кейін сот жүйесінен кетеді? Жақын арада ма, жоқ жалпы 2,5 жыл ішінде ме?
- Сұрақтарға Сіз заңмен көрсетілген мерзімде, нақты да айқын жауап береді деп үміттенеміз. Алдын-ала алғысымызды білдіреміз.

Құрметпен, **Өмірзақ АҚЖІГІТ**



# ШЫМКЕНТТЕГІ ШАЙЫРЛАР ШЕРУІ

## АҚЫНДАР мен АЙТАХАНОВТЫҢ АРАСЫНДА НЕ БАР?!



Шымкент шаһарының көрікті көшелеріне көрнекті ақындар бір күнде шыға келді! Тек Оңтүстік ақындары емес, еліміздің барлық ақындары. Шымқаладағы шайырлар шеруін қазақтың ұлы ақындары Абай, Шәкәрім, Махамбеттер бастап шықты. Бір қаланы поэзия алаңына айналдырып жіберген Шымкенттің әкімі Ерлан Қуанышұлы Айтхановтың айтары мынадай: – Шымкент – Қазақстандағы поэзия қаласына айналу керек. Себебі өлең оқыған адамның ішкі әлемі көркем болады. Ішкі әлемі көркем адам ешқандай қылмысқа да бармайды, ешқандай жамандық та жасамайды. Адамдары жамандыққа бармайтын қала нағыз қайырымды қала болады. Өмірдегі жамандықтармен тек заңмен күресу жеткіліксіз, жамандықты жеңгіңіз келсе руханиятты күшейтуіңіз керек, – дейді Ерлан Қуанышұлы.

Биыл елордамызда өткен Евразия астаналары жазушыларының халықаралық форумында ақын Олжас Сүлейменовтің айтуынша, Ресейдегі мұғалімдер конференциясында әйгілі физик-ғалым Моисеев «Физика-химия секілді жаратылыстану пәндерін оқушылар жақсы оқу үшін не істеу керек?» деген сұраққа: «Ол үшін ұлт әдебиеті сабақтарының санын көбейту керек» – деп жауап беріпті.

Ал біз де бәрі бәрін білмейміз. «Аспаннан шұға жауса да, құлға ұлғарақ тимейді» дегендей, «Сойыл сілтенсе, сорлыға тиіп», Білім министрлігінің жана бағдарламасы бойынша былтыр мектептерде бастауыш сыныпта да, жоғары сыныпта да қазақ әдебиеті сабағы керісінше бір сағатқа кеміп кеткен... Ал одан бұрын ЖОО-ларда қазақ әдебиеті кафедрасы жабылып қалған, барлық тілді қосып, Тілдер кафедрасы етіп жібергені академиктердің Ашық хат жазуымен үлкен шу болды...

Біз де шет тілдерінен бұрын қазақ мектебінде алдымен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын оқытудың маңызы да, сапасын да арттыруымыз қажет.

Ал Шымкенттің әкімі Ерлан Айтханов қазақ әдебиеті сабағын көшеге, жалпы халыққа шығарды. Көшеде келе жатқан кез келген адам қарсы алдындағы жарқырап тұрған еңсіл билбордтағы көрнекті ақынның көркем жырын, өнегелі өлеңін оқымай кете алмайды. Оқыған жан ойланады. Жыр оқыған адамның жаны нұрланып, көңілі көркем болады. Ал бұлай құдіретті поэзиядан нәр алған адам, Ерлан әкімнің тура тауып айтқанындай, жамандыққа бармайды.

Өткенде Шымкентке бір барғанда көшелердегі таныс ақындардың бейнелері жарқ ете қалды. Ең алдымен көзіме түскені актөбелік дарын Ертай Ашықбай. Көлікте кетіп бара жатып, суретке түсіріп үлгердім. Жібере қояйын десем, Ерекеннің телефоны таппадым. Біраз жүргеннен соң Шымкенттегі Ералы інім келін екеуі бала-шағасымен қыдырып жүрсе, 6 жасар ұлы Әлихан: «Қараныңдар, Қазыбек атам қарап

тұр» – деп, қуанып кетіп, билбордты көрсетіпті. Миллионнан асқан халқы бар мегаполистен атасының суретін тапқаны үшін Әлихан әрине, сыйлыққа, бір велосипедке ие болды...

Менің:

«Жарқыраса жаныңдағы жақұтын,  
Қолда барды қадірсіз ғып қойған-ау...»

Бақытсыздар көп ойлайды Бақытын,  
Бақыт деген –

Бақыт жайлы ойламау!» – деген бір шумағым жарияланған билборд қаланың орталығында, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі мен Республика даңғылының қиылысында екен. Актөбелік «Ақ жол» партиясының төрағасы Аскар Садықов бауырым: «Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы көшесінде тұр екенсіз, құтты болсын!», – деп жазып жіберіпті. Шымкенттің әкімі, руханиятқа қамқор, рухы биік қайраткер Ерлан Айтханов бауырымызға Алла разы болсын!

Менің Шымкент қаласының қан ортасында ілінген билбордың туралы бір айдай уақыт өтсе де,

достар мен ағайындар арасындағы топқа салғаным болмаса, фейсбукке жариялауға асықпағаным, алдымен өзге өңір ақындары жариялағанын қолай көрдім. Өйткені, Шымкент көшелерінде еліміздің бар ақындары сөйлеп тұр ғой.

Ойлағанымдай, Семейдегі көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлы ағамыз фейсбук парақшасына «Тамаша идея! Ер-Ұлан Айтханов мырзаға – мың да бір жұпар рахмет! Басқа қалаларға да жұғысты болсын бұл береке!» – деп ықыласын білдіріп, желіні жұпарлатып жатты.

Қарағандыдан қазақтың аркалы ақыны Ақсұңқардың Серігі де өз парақшасында «Көргенді деген, міне – осы» атты жазбасында:

– Алаштың атпал азаматы Қуаныш Айтхановты білмейтін қазақ жоқ шығар? О кісінің аты-жөнін алғаш рет Нұрағамның (Н. Оразбек) аузынан естігем, (80-90-шы жылдары ма?). Анау-мынауы тіліне тиек етпейтін Нұрағам осы азаматты ылғи сүйсініп, ерекше ілтипат құрметпен айтып отырушы еді Шымкент әкімі Ерлан



Айтханов осы кісінің баласы екен: Шымқаладағы ғана емес, Алаштағы ақындар шеруінің көш басшысы! Қара өлеңі келгенде – Қара шанырақ түзеледі, – құбылаға қарап! Көргенді ұл екен! Жан-тәні Алаш рухымен суарылған! «Әке көрген – оқ жонар» деген. Осындай ұл керек қазаққа! Сонда есеміз кетпейді ешкімге!» – деп, ақжарма ықыласын ақтарып салды.

Артынша кеше актөбелік ақын, Оңтүстік ақынды Бабажанұлы паракшасында қуанышын бөлісіп жатты:

– Актөбедегі әдеби форумды аяқтай бергенде Шымкенттен сүйінші-хабар жетті. Шымқаланың ең орталық көшелерінің біріне менің суретім, қысқаша өмірбаяным, екі шумақ өлеңім таспаланған билборд ілінді.

Әуелі қатты танғалдым. Сол өңірдің қызын алғаным болмаса, менің Шымкентке түк қатысым жоқ қой...

Кейін сұрастырсам, тек менің емес, Абай, Шәкәрімнен бастап, жетпіске жуық сөз иесінің өлеңі оқыл «ілінді». Есенғали, Серік Ақсұлан құрметі. Тыныштықбек секілді «дәулермен» қатар менің Әмірхан, Маралтай секілді құрдастарым да бар.

Бұл Шымкент шаһарының тізгінін жақында ғана алған Ерлан Айтхановтың өз идеясы екен. «Қай жерде тұғаны маңызды емес, ең бастысы, жақсы ақын болуы керек. Біз ешкімді де жатсынбауға тиіспіз. Қазақстандағы үшінші мегаполис саналатын Шымкент күллі қазаққа ортақ қала!» – депті қала әкімі.

Жаңа әкім тағы қаладағы орталық парктердің бірінен поэзия кешін өткізетін орын жасақтап жатыр екен. Онысын және дәлілдей, қырық шақты адамға лайықтапты. Расында да, шын өлең сүйетіндердің қатары көп болмайды ғой. Енді әр жұмада поэзия кешін ұйымдастырмақ ниеті бар екен. Бас болып өзі жүрмек. Бәрекеді!

Ерлан Айтханов – көрген адамы емес. Әкесі Әхметжан Шымкентке бірнеше рет депутат болған Қуаныш Айтхановтың руханияттың қамқоршысы екенін баспасөзден ғана білемін. Әкеге тартып туған ұл екен. Алла ісіне береке берсін», – деп жазды ол өзінің парақшасына.

Ал Шымқаладағы Абай аттас ақын досым: «Шымкент – бүкіл Қазақстанның поэзия астанасына айналып жатыр!», – деп, желіде желпініп қойып отыр. Иә, Айтхановтай ақынжанды әкімі бар

шымкенттіктер қалай мақтанса да, жарасады.

Шымкентте тек ақындар ғана емес, Әл-Фарабиден бастап әйгілі ғалымдар мен Әуезовтен бастап көрнекті жазушылардың да өнегелі сөздері жазылған билбордтар сап түзеп тұр.



– Қазір ел бір күндік ұғыммен өмір сүруге дағдыланып кетті. Ал өлең деген өміршеңдік, поэзия – мәңгілік құндылық. Оның үстіне қазір ел ақындар бұрын ғана болғандай, қазір ақындардың бар екенін де біле бермейді. Сондықтан, қала әкімі Ерлан Қуанышұлының бастамасын Шымкент қаласының бастамасын сәулелі сабақтастығын көрсету мақсатында Махамбет, Абайлардан бүгінгі жас ақындарға дейін барлығы 85 ақынның өлеңдерінің билбордтарын орнаттық. Сонымен бірге бұл бағыттағы жұмыстарымыз жалғаса үйеді. Абай саябағымыз Поэзия үйін ашып жатырмыз. Ақындарды шақырып, жұма сайын кездесу ұйымдастырып отырамыз – дейді Шымкент қалалық ішкі саясат басқармасы басшысы Жанар Бектаева.

Рас, былтыр Түркістан облысында әр ауданда сол жерден шыққан қаламгерлердің билбордын аудан орталықтарына орнатқан болатын. Шардарада Абай мәдениет сарайының алдында:

«Тұлпарымен жайлаған

ен ғаламды,

Әлем түгел біледі ер баамды.

Әр қадамды қорғайды

әрбір қазақ,

Мен ешкімге бермеймін

кең даламды!» –

деген шумағым жазылып тұрған билбордымызды ауылдағылар суретке түсіріп жіберіп жатты. Жазда алапат апат болып, адамының бәрі көшірілген Арыс қаласына Азат Перуашев бастаған «Ақжолдықтар» барғанымызда қаңыраған қаланың Шардараға шығар жолында қазақ әдебиетінің классигі Дулат Исабековтың суреті тұрғанын





■ MEREITOI



# ХАН ҚЫЗЫНДАЙ Ханбибі

## АҚЫН ХАНБИБИ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ 70 ЖАСТА!

Еліміздің үшінші мегаполисі атанған шырайлы Шымкентте ҚР Еңбек сіңірген қызметкері, «Парасат» орденінің иегері, көрнекті ақын, жазушы Ханбибі Есенқарақызының 70 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық кеш өтті.

Айтулы мерекеге еліміздің түкпір-түкпірінен келген қонақтармен қатар, философия ғылымының докторы, профессор Амангелді Айталы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ләззат Сүлеймен, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дархан Мыңбай, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов және де Шымкент қаласының әкімі Ерлан Айтаханов арнайы қатысты. Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы шетелде де кеңінен танымал. Сондықтан болса керек, мерейтойға Қазақстанның ғана емес, Өзбекстанның, Қырғызстанның және басқа да түркітілдес елдердің зиялы қауым өкілдері келіп, ақын абыройын одан әрі асқақтата түсті.

Шығармашылық кеш алдында БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз – конференциясы өтті. Сонымен қатар, тақырыптық кітап көрмесі қойылып, ақынның 10 томдық шығармалар жинағының тұсауы кесіліп, оқырмандарға жол тартты. Аталмыш еңбекке ақынның саяси қуғын-сүргін құрбандары мен мәдениет қайраткерлеріне арналған шығармалары енген. Оқырман қауымға берері мол осынау туындыны жазуға ол елу жылы сарп еткен. Кеш аясында «Сыр шертемін ешкімге айтылмаған...»

атты ақынның өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін бейнефильм көрермен назарына ұсынылды.

Ақын мерейтойына арналған шығармашылық кеш барысында шаһар басшысы Ерлан Қуанышұлы халық жазушысының қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесін ерекше атап өтіп, бүгінгі мерейлі мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

« – Сізді әдебиет әлемінде жақсы танимыз. Сіздің өлеңдеріңізден тек ақындығыңыз ғана емес, отансүйгіш қасиетіңізді байқаймыз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қалыптасуына да қосқан үлесіңіз орасан. Қазақ әдебиеті арқылы елімізге баға жетпес еңбек сіңіріп келесіз. Қанатыңыз ешқашан талма-сын», – деді Ерлан Қуанышұлы.

Қайырымды қаланың ыстық ілтипатына бөленген кеш иесі де руханиятқа толы әңгімелерін айтып, желген қонақтарға жылы лебізін жеткізді.

Төменде мерейтой иесінің оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген жүрекжарды жырларының бірқатары ұсынылып отыр.

**Шымкент қаласы  
әкімдігінің баспасөз  
қызметі**



**Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ**

**ТӨГІЛМЕДІ, СӨГІЛМЕДІ  
СЫРЛАРЫМ**

*Төгілмеді, сөгілмеді сырларым,  
Шеше алмадым жыр-сәбидің құндағын.  
Әзер жеткен аузы көкке бұл қыстан,  
Жетім қозы сияқтанып тұрғаным!*

*Бой алдырып – берілген соң тұрмысқа,  
Ақын үшін жатпай ма үлкен қылмысқа.  
Кешірер ме, жазылуға тиісті –  
Жазылмаған бір кітабым бір қыста!*

*Ұмыт болар былтыр жауған ақ қардай,  
Ұмыт болар асқа тартқан көкпардай.  
Ұмытылар, ұмытылар бәрі де,  
Тарих жұтқан түпкі атамыз – Сақтардай!*

*Өзіңді емес, ұятыңды дарға асып,  
Өтіп жатыр, өлермен күн жалғасып.  
Өтіп жатыр ақ пен қара, бай-кедей,  
Өтіп жатыр күн мен тундей алмасып!*

*Ақын жаны – сабаңа түс, көп қызба!  
Өмір айтар күнәлі ма, пәкпіз ба?  
Кім біледі, не сыйларын келер күн,  
Келесі қыс бармыз ба, әлде жоқпыз ба?!*

**ПЕРИШТЕ ЕМЕС –  
ПЕНДЕМІН**

*Периште емес – пендемін,  
Мәңгі емеспін – демдемін!  
Көрдім талай мықтының,  
Мықыны көктен келгенін!*

*Периште емес – пендемін,  
Көкте емеспін – жердемін.  
Бағаламас бақырға,  
Бақ қонғанын көргемін!*

*Тасасында иықтың,  
Шындыққа бас иіппін.  
Шаужайына жармаспай,  
Үзеңісі биіктің!*

*Арман – өлмей, көктедің,  
Сезімдімді шектедім.  
Шотын шауып біреудің,  
Көтермедім кетпенін!*

*Периште емес – пендемін,  
Астана емес – елдемін.  
Билік айтпай – қоқандап,  
Жәй жүрсем де – өлмедім!*

**ӨЛЕҢ ЖАЙЛЫ**

*Мүсіндедім, теңедім...  
Қалжырадым, қажыдым!  
Ішімде өлді өлеңім,  
Бар-ды қандай жазығым?!*

*Шашырады, ой кетті,  
Шабыт тақтан құлады!  
Сикыр сезім сөйлетті,  
Соқыр көзім – жылады!*

*Жуаспын ба, затымнан,  
Жұрт дегенін істеді...  
Мен аунадым атымнан,  
Өлең ерден түспеді!*

*Бұйырмаған жалындау,  
Болмаған соң «ардақты».  
Өмір мұңы қалыңдау,  
Өлең жүгі – салмақты!*

*Ажалым да ғажабым –  
Өлең, сені аңсадым!  
Тартасың-ау азабын,  
Кімді сүйсең – дәл соның!*

*Өлең – таққа мінбеді,  
Өлең – Орден тақпады!  
Өмірде осы күрделі –  
Сүйді мені! Сақтады!*



көргенбіз. «Арыс иесіз қалды десек, Дулат көкемнің суреті күзетіп тұр екен ғой», – деп жұбанған едік...

Бірақ бүкіл қазақтың қаламгерлерін бір қалада шерулетіп, көшеге алып шығу деген елімізде бірінші рет болып отырған сүйінші сұрар сүйіншісті оқиға! Міне, нағыз Рухани жаңғыру!

Бұрын Президент әкімшілігінде істеп, екі рет Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болған Ерлан Айтаханов бұның алдында Әл-Фарабидің отаны Отырар ауданын басқарып, қасиетті өнерді ой ордасына лайық деңгейге көтеріп кеткені белгілі. Енді еліміздегі үшінші мегаполис Шымшаһарды шайырлар ордасына айналдыруда.

Ерланның әкесі – Қуаныш Айтаханов Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болған, төрт ауданды басқарып, төрге шығарған, бірнеше рет Сенат депутаты болып, ел мүддесін қорғаған дара бітімді тұлға. «Айтаханов академиясы» атты тәлімгерлік мектебі қалыптасқан Қалекеннің шешімі қиын шаруалардың шешімін шегелеп қағып, шешіп кете беретін көсемдігіне ел риза. Қазақ ақындарының бәрін жақсы біледі. Тереннен толғап, көнеден тартып, көркем сөйлегенде шешендігіне ақындар, санқылдаған дауысына дикторлардың өзі қызығады.

Ендеше, ақындыр мен ақынжанды әкім Ерлан Айтахановтың арасында бабаларынан бастап, әкеден келе жатқан, кіндік қаны тамған киелі топырақтан тартқан рухани ішкі көркем байланыс бар деп білеміз.

Өнегелі, өршіл өлеңнен рух алған елдің өресі де биік болатыны анық.

Абайдан Азаматқа дейінгі Қазақ ақындарын көріп, жырын тыңдағыларыңыз келсе, Шымкентке келіңіздер, ағайындар!

**Қазыбек ИСА,  
Қазақ үні**

## ЕЛ ТІРЕГІ – ЕЛБАСЫ

Алматы көпсалалы колледж кітапханасында 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай «Ел тірегі – Елбасы» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында студенттер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы туралы «Бала Нұрсұлтан», «Менің Тұңғыш Президентім», «Елбасы кітаптары – ел мұраты» және «Елбасы туралы біз білмейтін қызықты деректер» тақырыбында баяндамалар және презентация дайындап, тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің басты жетістіктеріне тоқталды.

Іс-шараға «Есеп және Аудит» мамандығының 3 курс студенттері және «Дизайн» мамандығының 2 курс студенттері белсене қатысты. Шара барысында кітапханада «Елбасы – ел тірегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көпсалалы колледж деген атының өзіне лайықты білім беру мекемесінің жан-

жақты екенін ескере отырып, көрмеде Елбасының өмір жолы, тоқсаныншы жылдардан бастап аймаққа жасаған әрбір сапарынан сыр шертетін кітаптар қойылды. Сонымен қатар, Елбасымыздың ірі өндіріс ошақтары мен өзге де маңызды нысандармен танысып жүрген сәті бейнеленген суреттері, «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауы» және «Нұрсұлтан Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» атты электрондық кітапханадағы мәліметтер базасына кірген Н.Назарбаевтың өмірі мен қызметтік жолы туралы библиографиялық жазбалар ұсынылды.

Гүлнара ЖАНАТҚЫЗЫ  
Алматы көпсалалы колледж  
кітапханасының меңгерушісі



### ТАЈИРИБЕ



оқылым мен жазылым дағдысын молайту, сыни ойлау көзқарасын дамыту, өз ойларын көркем де жүйелі жеткізу мақсаты болғандықтан, сабақ барысында тілдік қатынасқа түсу өте маңызды. Бұл орайда бағдарламаның оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінің диалогтік оқыту тәсілі маңызды рөл атқарады. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың

оқушымен ақылдасуды дағдыға айналдырып, оқушы үшін ескеріп отыру маңызды деген шешімге тоқталдым. Яғни, тең дәрежеде сөйлесіп, оқуға өзіннің кіші әріптесін ретінде қарауды құп көремін. Өйткені оқу үдерісінде оқушы үні ескерілгенде ғана, оқушы сабаққа белсенді қатысып, материалды терең меңгеретіні мәлім.

Мен сабақтарымда жағымды көңіл-күй орнатудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға тырысатын

түсінемін. Сондықтан да, оқушы өз міндетін жақсы атқарудың жолдарын қарастыруға талпынады және қызығады.

Дәстүрлі сабағымда сынып оқушыларын жалпы қарап, тапсырмаларды бір деңгейде берсем, бүгінгі таңда талантты және дарынды балаларды оқыту барысында әр оқушының қабілеті мен деңгейіне мән беру керек екенін түсіндім. Себебі, әр мұғалім бала бойындағы дарындылықты ашуды өз сабағынан бастайды.

өздеріне деген сенімдерін және пәнге деген қызығуын арттыра білуім керек деген ой түйдім.

Оқушылардың көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру өте маңызды. Өз сабақтарымда топтық жұмыс бере отырып, өзара сыйластық, бір-біріне өз пікірін дәлелдеп, түсіндіре білу дағдыларын дамытуға болатынын түсіндім. Жас ерекшеліктеріне сай, қабілеттеріне қарай күрделірек тапсырмалар беруді ойластыруды жоспарлаймын.

Бұрынғы сабақтарымда сыни ойлауға көп мән бермейтін едім, енді оқушыларға сыни ойлауға тапсырмаларды сабақтарымда тақырыпқа байланысты көбірек қолдануым керек екенін түсіндім.

Денгейлік курстар бітіріп алған теорияларын тәжірибесінде қолданып жүрген әріптестерімнен дәстүрлі сабақ пен топтаса отырып өткізілген сабақтың айырмашылығын сұрағанымда, олар ойын былай жеткізді: дәстүрлі сабақта оқушы өзі үшін ғана жауап береді, ал топтық сабақ өткізе бастағаннан бері тапсырмаларды орындағанда топ үшін жауап беру балаларда ынтымақтастық, бірін-бірі құрметтеу дағдысын қалыптастырды. Бұрын оқушыны мұғалім бағалайтын, қазір оқушылар бір-бірін бағалау мүмкіндігіне ие болды, дәстүрлі сабақ кезінде бір-біріні тыңдамай, кейде жазуға ғарнетін сабақтың дұрыс ұқпағандықтан зерігіп отыратын оқушылар, топтасып оқығаннан кейін бір-бірін тыңдауға, ережеге бағынуға үйренді.

Осындай пікірлер мен командалық рух бұл әдісті тиімді пайдалануға бағытына көз жеткізді. Сабақ соңында міндетті түрде пікірлерін екі жұлдыз, бір ұсыныс ретінде айтып отыру, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, сындарлы сөйлеуге ын-таландырды, басқалардың идеясын құрметтеуге және бағалауға дағдыландырды әрі оқушылардың пәнге қызығушылығы артыратынын жақсы түсіндім.

Ең бастысы, оқушылар бір-біріне бауыр басып, өзін және жолдастарын бағалай біледі. Олардың бойында өздеріне деген сенімділік пайда болды, құлшыныстың, белсенділіктің артатынын байқадым. Менің мақсатым – оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушы бойында адамгершілік мінез-құлық қалыптастыру.

Эльмира РАПИЛОВА,  
№178 лицейдің Қазақ тілі мен  
әдебиеті мұғалімі.  
Алматы

# ОҚУШЫЛАРЫМА ӘРІПТЕС РЕТІНДЕ ҚАРАЙМЫН

Жасым елуді өкшелесе де, заман ағымынан қалып қоймай, әлі де болса білімді шыңдаудан жалыққан емеспін. Біріншіден, «өзім осы курста не үйренмін? Осы оқуға келгендегі мақсатым не? Ертең мектебіме барып осы оқығандарымды іс-тәжірибемде қолданып, әріптестеріммен қалай бөлісемін?» деген ой мені күнделікті мазалады. Елге оқығандарымды жеткізу – менің басты мақсатым.

Жасыратыны жоқ, бұрын мен орта мерзімді жоспарға (ОМЖ) жай ғана нұсқаулық ретінде қарап, тіпті оны қажет есептеген жоқпын, оны өз тәжірибемде пайдаланбайтынмын. Осы Алматы қаласы Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» курсына орта мерзімдік жоспарға тереңірек үніліп қарауға тырыстым.

Курс барысында оқығанымды, көргенімді, түсінгенімді, жеті модульдегі қарастырылған идеяларды, сабақта пайдаланатын жаңа әдіс-тәсілдер мен тәжірибемде практикалық сабақтарда қолдана бастадым.

Өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын ояту үшін, бірінші кезекте қысқа мерзімді жоспар құрастыруда оқу мақсатын басшылыққа алып, сабағымда белгілі бір мерзімде орындауға болатын, нақты, қолжетімді мақсаттар қоюдан бастадым.

Қысқа мерзімді жоспар құрастыруда ұсынылатын қызмет түрлері мен ресурстарымды алдын ала қарап, оқу мақсатын меңгеру үшін жетістік өлшемдерін құрып, түпкі мақсатқа сәйкестендірдім. Осылайша, менде білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің қай түрі тиімді, өз сабағымға қалай қолдансам қызықтыра аламын деген ой туындады.

Қазақ тілі сабағы оқушылардың айтылым, тыңдалым,

шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелі дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. Бұл модульді іске асыру мақсатында өз сабағымда «Жақтаушы – даттаушы», «Ортадағы қаламсап», «Автор орындығы» тәсілдерін қолдандым.

Осы бағдарлама аясында оқушыларға сыни ойлау, жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауап беруі мен сұрақ құра алуына, еркін сөйлеуге, өз ойларын дәлелдеуге дағдыландыру керектігін түсіндім. Бұл идеяларды өз сабақтарымда «Әңгіме кестесі», «Айдарлар құру», Венн диаграммасы әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асыруды көздеймін.

Әрине, мұғалім өзі сыни ойлай алса, оның шәкірті де сыни тұрғыдан ойлай алады. Сондықтан мұғалім үнемі даму үстінде, ізденісте болу керек деп есептеймін. Ол үшін оқушыларды оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатыстырып, оларды өзіннің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдап, бір-біріне кеңес бергізіп, өз алдына мақсат қойғызып, алынған нәтижелерді қадағалатып, идеялармен эксперимент жасатып және қателерді оқудың ажырамас бөлігі екендігін түсіндіріп, тәуекелге бел буғызуды керек.

Осы орайда, «Оқушы нені оқығысы келеді? Қалай оқығысы келеді?» деп өзіме сұрақтар қойып, ойлана бастадым. Нәтижесінде,



болдым. Ең алдымен сыныптың татулығын қалыптастыру, бірігіп жұмыс жасау, бір-біріне деген құрметтері артуы мақсатында топқа бөлуден бастадым. Соның ішінде «Раппорт», «Ыстық алақан», «Мен сізді көргеніме қуаныштымын, себебі...» әдістері оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлайды.

Топқа бөлініп жұмыс істеген оқушылар арасында бір-біріне деген сенімділік және ұйымшылдық пайда болды. Бұл бұрынғы өзіміз өтіп жүрген дәстүрлі сабаққа қарағанда, тиімділігін, оқушының сабаққа деген ынтымақын ашатынын байқадым.

Оқушыларға деген көзқарасым да өзгере бастады. Теориялық білімді практикамен ұштастыру барысында оқушының өзін және өзгені бағалауы – оқушыға артылған жауапкершілік, сенім екенін

Мұғалім күнделікті сабағында оқушыға тапсырмаларын күрделендіре беріп, бағыт-бағдар көрсетіп отыруды дағдыға айналдыру керек. Себебі, оқушы бұл тапсырманы орындағанда оқулық материалдарымен шектеліп қана қоймай, ойланып, ізденіп жауап беруге тырысты. Мысалы: «мәтіннен негізгі және қосымша ойды анықтау» тапсырмасында жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауап беру, А, В қатарындағы оқушыларға тақырыпты қорытындылау барысында «Бес жолды өлең», С қатарындағы оқушыларға сөзжұмбақ құрастыруды, жалпы сыныпқа тест тапсырмасын ұсынамын деп жоспарладым.

Нәтижесінде, қабілетті, дарынды оқушыларды дәл таба біліп, әрқайсысына жеке тұлғаретінде қарап, олардың

# БЫТЬ ИЛИ НЕ БЫТЬ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ?



Давайте, попробуем выяснить, что здесь является правдой, а что — ложью.

Во-первых, «освоением» занимаются госчиновники, а их всех назвать «представителями национальной интеллигенции» довольно трудно. Во-вторых, автор пишет: «вместо того, чтобы покопаться в себе». Вот, он, безапелляционный, не терпящий возражения тон!

Ладно, пойдем дальше. «Менее чем через два месяца истечет срок действия государственной программы развития и функционирования языков в РК. ...данная программа более чем на 90 процентов посвящена казахскому — его изучению, продвижению, внедрению, расширению сферы применения».

Да, в этой Программе много чего было написано. Но как говорил один наш политолог: «Вообще все наши госпрограммы, и не только касающиеся языка, приносят больше вреда, чем пользы». Почему, не задумывался господин политолог? Потому что их готовят русскоязычные казахи. Например, «Программа развития подготовлена только на русском (!) языке».

И с ходу не определишь, чего тут больше — наивности и непонимания постановки вопроса или все-таки двуличия и подмены понятия? Скорее всего, второе, потому как это пишут взрослые, солидные люди в солидных русскоязычных газетах. Почему двуличия?

Потому что, кто более или менее занимается вопросами языка, тот прекрасно знает, что в этой проблеме самое главное — необходимость. Это — основа основ! А в Программе не было сказано ни слова об этой необходимости! Потому и не могла, да и не может никогда принести пользу эта Программа.

Будет необходимость в изучении языка, тут же появится потребность во всех курсах, хороших словарях, самоучителях казахского языка и т.д. В советское время во всех высших и средних технических учебных заведениях все предметы велись только на русском языке. Делопроизводство на русском! И тогда мы были вынуждены денно и нощно сидеть в пожарном порядке изучать русский язык. И никто не спрашивал на это согласие казахского народа, а мы 28

Недавно Женис Байхожа на страницах Central Asia Monitor опубликовал очередной шедевр под названием «Казахские зиялы кауым решили возвысить родной язык, «унизив» русский?» Он сразу берет «быка за рога»: «Представители национальной интеллигенции, активно поучаствовав в освоении десятков миллиардов тенге, выделенных государством на продвижение казахского языка и всего, что с ним связано, сегодня вынуждены констатировать отсутствие результата. Но вместо того, чтобы покопаться в себе, они все чаще называют виновником сложившейся ситуации другой язык — русский. Мол, пока не будет устранен конкурент в его лице, казахский так и не сможет занять подобающее ему место».

лет только этим и занимаемся, и именно из-за этого 28 лет топчемся на месте.

Вместо того, чтобы посмотреть правде в глаза, Женис Байхожа далее пишет: «Но что сегодня предлагают казахские ученые-филологи, писатели, журналисты — те самые люди, которые имеют непосредственное отношение к реализации названных программ и проектов (? — Э.А.), к освоению выделенных на эти цели средств (кое-кто из них, думаю, получил и свой гешефт)? Приведу лишь несколько цитат из выступлений известных представителей национальной интеллигенции — в собственном переводе с казахского языка».



**Ерден Кажымбек, директор Института языкознания им. А. Байтұрсынова (признания им. А. Байтұрсынова в сфере образования и науки РК):**

«На мой взгляд, в нашей стране не должно быть деления на казахские и русские школы... В Казахстане все школы должны быть казахскими. Не должно быть понятия «русская школа». Наверное, могут быть школы с углубленным изучением русского или китайского в качестве вторых языков».



**Казымбек Иса, основатель и руководитель ряда изданий, заместитель председателя партии «Ақ жол», имеющей представительство в парламенте:**

«Чтобы казахский стал языком межнационального общения, мы должны принять Закон о государственном языке, обязывающий использовать его повсеместно. Чтобы он обрел

особый статус, пора исключить из Конституции РК пункт 2-й статьи 7, касающийся русского языка (о его использовании наравне с казахским — прим. авт.). Это требование народа сначала должна поддержать Ассамблея народа Казахстана. Парламент, общественно-политические силы, наша интеллектуальная элита должны проявить мужество» (из выступления на первом заседании Национального совета общественного доверия — НСОД).



**Улыбек Есдаulet, поэт, председатель Союза писателей Казахстана:**

«В 7-й статье нашего Основного закона есть пункт 2, который гласит, что русский язык должен применяться наравне с казахским. И это — именно то, что портит все. Россия для нас иностранному государству. Поэтом русскому языку в нашей стране надо обучать как иностранному». (То есть, по сути, он, как и Кажымбек, предлагает лишить русскоязычных детей в РК возможности получать знания по школьным и вузовским предметам на родном для них языке».

Что здесь не нравится господину Байхоже? В Германии 5-6 миллионов турок, но ни одной школы на турецком языке. В прошлом году на просьбу президента Турции Эрдогана по этой проблеме канцлер Германии Ангела Меркель сказала как отрезала: «И не мечтайте!..» Даже в соседней России ни одной школы на казахском языке, хотя казахов там проживают около миллиона. Во всем мире так. А почему у нас не должно быть так, как у всех?..

Во-вторых, никакого «официального» русского языка, как любить писать некоторые наши соотечественники, у нас нет, есть только «в государственных организациях и органах самоуправления наравне с казахским официально» употребляемый русский язык. Он не только не официальный, но и не равный государственному. Он вообще не имеет никакого статуса!

Читайте постановление Конституционного Совета об этом.



Что касается «наравне», это было просто констатацией фактов, данные реалии тогдашнего времени. Но это абсолютно не значит, что конституционные нормы не должны меняться, что они должны оставаться неизменными во все времена, во веки веков. Давно надо было менять эту статью в Конституции, и она все-таки будет убрана оттуда, рано или поздно. Чем раньше, тем лучше. Для всех нас.

Читаем далее. «С большой головы на здоровую. Но кто несет ответственность за сложившуюся ситуацию, за то, что тридцать лет независимости и значительные финансовые вложения со стороны государства оказались безрезультатными? Наверное, в том числе и даже в первую очередь сами представители национальной интеллигенции. Однако об этом они, судя по отчетам, не говорили. Не удалось обнаружить в их выступлениях и конструктивных предложений по поводу того, как можно повысить конкурентоспособность казахского языка. В основном звучало то же самое, что и прежде: предоставить ему дополнительные преференции (а, значит, и соответствующее финансовое обеспечение), обязать все население изучать его... В принятой по итогам форума резолюции так и написано: вместо «долга», как сейчас, законодательно закрепить «обязанность» каждого гражданина РК овладеть государственным языком».

Когда казахи требуют, чтобы их язык, язык государствообразующей, титульной нации должен стать полноправным государственным языком, все понятно, это их законное право. Во всем мире так. Граждане любой страны обязаны знать государственный язык. Этот вопрос даже не обсуждается. Даже прежде чем получить гражданство, вы обязаны знать его и сдать экзамен. В той же России такой порядок. О чем тогда речь, господа?

Действительно, с большой головы на здоровую...

Далее автор опять ударяется в двуличие или лукавит, если сказать помягче, занимается подменой понятий, когда делает вывод: «Да и вообще, неужели эти люди до сих пор не поняли, что административными методами, путем принуждения языковую проблему не решить, что повысить конкурентоспособность и востребованность казахского можно только системными, кропотливыми, а в чем-то даже подвижническими усилиями? Имеются в виду модернизация языка,

его адаптация к современным условиям, создание на нем самого разнообразного контента и т.д. Впрочем, на данную тему и автор этих строк, и другие журналисты нашего издания писали не раз — например, в статьях «Казахский язык: будем продолжать «махать шашками» или займемся делом?», «Станет ли казахский язык для нас тем же, чем в свое время был русский?» и других. Так что не стану повторяться...»

Действительно, повторяться не стоит, потому что он и ему подобные всю жизнь только этим и занимаются, что повторяются. А почему они этим занимаются?

Во-первых, они отработывают своей хлеб. Думается, это понятно всем.

Во-вторых, когда я слышу такие разговоры, как «Имеются в виду модернизация языка, его адаптация к современным условиям, создание на нем самого разнообразного контента и бла, бла, бла», мне вспоминается история народа кечуа, единственных потомков могущественного некогда майя, доживших до конца XIX века, как сейчас принято говорить, в конкурентоспособном виде, когда они освободились от испанского колониализма.

Этому народу Всевышним была предоставлена великоплевая возможность национального государства. Но вот только возникла загвоздка — элита кечуа была обучена и воспитана на испанском языке. И эта элита под любым предлогом тянула переход на язык государствообразующей нации, вследствие чего сложилась абсолютно такая же ситуация, что сейчас у нас! Но почему элита не хотела переходить на свой родной язык? Только лишь потому, что жить ей на испанском языке было привычно. Комфортно. Элита все понимала, но не хотела менять себя. Это же такой адский труд! Зачем?! В итоге на политической карте мира появилось еще одно испаноязычное государство под названием Перу. А кечуа канули в Лету...

Ну не хочет в тысячу первый раз возрождающийся из пепла казахский народ из самых несчастных в истории народов мира. Не хочет он упустить эту тысячу вторую и последнюю, неповторимую, единственную возможность построить свое национальное государство.

И построит, Бог даст. Несмотря ни на что. Ведь собака лает, а караван идет.

Казахский язык в Казахстане, спустя 18 лет со времени обретения страной независимости не стал языком общения для значительной части самих казахов. Тому есть самые разные причины, все они, в общем-то, известны и многократно вербализованы. Но знание и понимание не всегда становятся руководством к действию. Kieli7su попытался разобраться в этом вопросе.

# КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК – ДЛЯ ЭЛИТЫ

Так и в данной ситуации: как бы ни были ясны необходимость, преимущества, естественность, комфортность существования человека в собственной языковой среде, все они легко разрушаются при столкновении с реальным положением дел – казахи не хотят говорить на родном языке. Речь, конечно же, идет о так называемых русскоязычных казахах, владеющих, в лучшем случае, разговорным казахским.

Бросим беглый взгляд на историю вопроса с тем, чтобы попытаться понять, не были ли при попытках решить языковую проблему упущены из виду какие-либо важные ее составляющие.

Итак, главным препятствием для полноценного функционирования казахского языка в Казахстане видится национальный нигилизм, выступающий ярким признаком колонизированного сознания. Национальный нигилизм выражается в представлениях об ущербности собственной культуры, ее неспособности соответствовать требованиям сегодняшнего дня; в предпочтении, которое отдается инокультурным стратегиям. Приведем характерные суждения, которые произрастают на такой почве.

1. Казахский язык не может адекватно отражать реалии современного техногенного мира. Зачем тратить усилия и средства, чтобы создавать, к примеру, казахский google? – Таким способом пытаются найти объект объективных оснований для того, чтобы оправдать отсутствие собственного интереса к судьбе языка.

2. На сегодня нет эффективных методик преподавания казахского языка. – Трудно вообразить более неловкую отговорку. Разве мы не живем в стране, государственный язык которой – казахский. У нас есть телевидение, радио, вещающие на нем; есть, наконец, весомый процент населения, который является носителем этого языка. Ссылки на несовершенство обучающих методик словно основываются на вере в существование волшебных таблеток, которые позволяют овладеть языком безо всякого труда.

Но казахский язык ничем не отличается от других языков: чтобы изучить его, нужно приложить серьезные усилия и старания. Невозможно догадаться, в такой ситуации изучение казахского языка видится как жест одолжения: «Я изучу казахский, если будут созданы совершенные языковые тренинги, которые чудесным образом гарантируют идеальные результаты, поскольку я не намерен тратить на этот процесс время и силы».

3. Что мне даст изучение казахского языка? Прибавку к зарплате? Продвижение по службе?

– Казахский язык выступает как предмет торга, иначе именуемого разработкой системы мотивации.

Таким образом, казахский язык отчужден от части его предполагаемых этнических носителей, он не является для них естественным идентификационным национальным признаком. Проблема нежелания этой группы казахов знать родной язык и говорить на нем есть проблема девальвации и непривлекательности в их глазах ценностей национальной культуры, ее прошлого, настоящего и будущего.

Из чего следует простой вывод – казахский язык до тех пор будет бытовать в виде декоративного, политкорректного элемента современного казахстанского общества, пока не будет реанимировано национальное самосознание. Пока не будет осознано то, что ставшие привычными ментальные стереотипы лишают внутренней свободы – свободы быть собой, свободы полноценного существования в собственном национальном пространстве. Пока не станет очевидной пагубность разделения казахов по языковому признаку.

Обратимся к той части казахской культуры, представители которой находятся на другом полюсе языковых предпочтений. Скажем сразу – крайне наивно было бы полагать, что в таких непростых условиях состояние казахского языка может напоминать заповедный цветущий оазис. К сожалению, здесь более уместно сравнение с территориями, подвергшимися опустыниванию.

В современном казахском языке все более отчетливо проявляются процессы креолизации, выражающиеся в изменении характерных грамматических, орфоэпических норм, калькировании. Казахский начинает утрачивать свою органическую природу, приобретая черты механистически сконструированного, неживого языка. Чтобы убедиться в этом, достаточно прислушаться, как говорят по-казахски в ряде электронных СМИ.



Сегодня, когда представители первого поколения казахов, выросших без знания родного языка, достигли в среднем 50 лет, можно, наверное, с известной степенью обоснованности судить о том, насколько результативным оно оказалось.

Если вести речь, к примеру, о национальном искусстве, то склоняешься к мысли о том, что разделение казахов на русскоязычных и казахоязычных оказало скорее деструктивное влияние на процессы становления современной казахстанской культуры. Есть ли у нас достижения мирового уровня в сфере гуманитарной мысли, в искусстве, литературе, независимо от того, на каком языке созданы эти произведения – казахском или русском? Не являемся ли мы всего-навсего безнадежно отсталой культурной провинцией, пребывающей в состоянии гуманитарного кризиса?

Ответы на эти вопросы должны искать наши мыслители, философы, исследуя законы функционирования, с одной стороны, гармоничных, жизнеспособных, с другой – химерических культур.

